



ISSN 2304-6287



ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК
*Карагандинской академии
Министерства внутренних дел
Республики Казахстан
имени Баримбека Бейсенова*

№ 1

2016

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Қарағанды академиясының
№1
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
Карагандинской академии
Министерства внутренних дел
Республики Казахстан
№1**

**ҚАРАҒАНДЫ
2016**

Қазақстан Республикасы ІІМ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
2016 жылғы № 1
ХАБАРШЫСЫ
31 наурыз

ВЕСТНИК
Карагандинской академии
МВД Республики Казахстан
им. Баримбека Бейсенова
№ 1 за 2016 год
31 марта

Зарегистрирован в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан

Свидетельство № 12781-Ж от 31.05.2012 г.

Серия основана в 1974 г.

Главный редактор

И. П. Корякин, доктор юридических наук

Редакционная коллегия

З. С. Токубаев, доктор юридических наук, профессор;

К. А. Бакишев, доктор юридических наук, профессор;

С. Д. Бекишева, доктор юридических наук, доцент;

Ш. Ш. Жалмаханов, доктор филологических наук, профессор;

А. О. Шакенов, кандидат юридических наук, профессор;

Х. К. Уразбаев, кандидат исторических наук;

С. Н. Исаева, кандидат юридических наук, доцент;

Б. А. Кулмуханбетова, кандидат юридических наук, доцент;

Г. Ж. Сулейманова, кандидат юридических наук;

С. К. Алтайбаев, кандидат юридических наук;

Ж. Ш. Кусаинов, ответственный секретарь

**Над номером
работали**

Редакторы

Е. Ю. Лухтина,
Д. С. Рахымберлі,
Г. А. Кадирберлина

Корректоры

В. Т. Бирюкова,
Ж. Ш. Жалмаханова

**Дизайн,
техническое
редактирование и ком-
пьютерная вёрстка:**

С. М. Аубакирова

Сдано в набор 02. 02. 2016.

Подписано в печать
24.03.2016.

Усл. печ. л. 16.

Формат 60×84¹/₈.

Бумага офсетная.

Печать офсетная.

Заказ № 99.

Тираж 500 экз.

Издается 1 раз в квартал

Материалы редакцией
не возвращаются.

Перепечатка материалов
возможна только
с разрешения редакции.

Тематический план издания
ведомственной литературы
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова
на 2016 г., позиция № 1.
Отпечатано в типографии
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова,
г. Караганда,
ул. Ермекова, 124.

Қ. Н. Абуғалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институтының Ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

ЖАЛДАУ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН АДАМ ӨЛТІРУДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада жалдау бойынша адам өлтірудің қылмыстық құқықтық ерекшеліктері қарастырылған. Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде автор қылмыстық құқық бұзушылықтың аталған түрі үшін жауапкершілікті қарастыратын жеке дербес бапты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне енгізуді ұсынады.

Түйін сөздер: Қылмыстық кодекс, қылмыстық заңнама, адам өлтіру, пайдакүнемдік, жалдау.

Пайдакүнемдікпен адам өлтірудің көптеген түрлерінің бірі — «тапсырыспен» адам өлтіру деген айдармен белгілі болған жалдау бойынша адам өлтіру болып табылады.

1997 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстен орын алып, кейін 2014 жылғы Қылмыстық кодексте сақталып қалған адам өлтірудің бұл түрінің өзіне тән ерекшелігі бар. Яғни пайдакүнемдік ниеттен болатын классикалық адам өлтіруден айырмашылығы сонда, мұнда іс жүзінде бір қатысушы ғана, ол — орындаушы, ал ұйымдастырушы материалдық шығынды мойнына алады.

Осыған орай, заң әдебиеттерінде жүргізілген талдауларға сүйенсек, жалдау бойынша адам өлтірудің міндетті қозғаушы себебі — пайдакүнемдіктің болуы турасында әрқилы көзқарастардың қалыптасқанына көзіміз жетті. Мәселен, ғалым заңгерлердің бір қатары жалдау бойынша адам өлтірудің міндетті белгісі пайдакүнемдік себеп болып табылады деп санайды¹. Басқаларының пікірінше, жалдау бойынша адам өлтіру кезінде себептің басқа да бағыттары болуы, әрі оның өзіндік өзгешелігі де болуы мүмкін².

Шындығында, осы құрамның бірқатар жағдайларында басқаның көмегімен адам өлтіру пайдакүнемдікпен байланыспауы да мүмкін. Мұндай адам өлтірулер материалдық пайда табуға бағытталмай-ақ жасалуы да мүмкін. Мысалы, жеке күзет құрылымының күзетшісі мұны «қызметтік міндетім» деп ұғынып немесе пікірлес болу себептерін басшылыққа ала отырып, ешқандай материалдық сыйақы алмастан, бақталас бәсекелесін жою туралы бастығының бұйрығын орындайды. Дегенмен, осы аталған сыртқы көріністерді есепке алмағанда, бәрібір пайдакүнемдік мүдденің жасырын да болса, барын аңғаруға болады. Мәселен, жұмыс орнын сақтап қалу, адам өлтіруші жұмыс істейтін ұйымға пайда келтіру және т. с. с. Осыған орай, біз, жалдау бойынша адам өлтіруді пайдакүнемдікпен адам өлтіруге жатқызуға болады деген көзқарасты бөлісеміз.

Қазіргі қолданыстағы 2014 жылғы Қазақстан Республикасы ҚК жалдау бойынша адам өлтіргені үшін қылмыстық жауапкершіліктің сақталуы қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түріне деген мемлекет тарапынан қадала назар аударылғанын куәландырады. Алайда осы мәселені қарастыру кезінде жалдау бойынша адам өлтіргені үшін жауапкершілікті көздейтін Қазақстан Республикасының ҚК нормаларының құрылымдарын жетілдіру мүмкіндіктері, біздің көзқарасымызша, толық көлемде қоданылмаған.

Біріншіден, «пайдакүнемдік ниет, жалдау, шабуылдау, бопсалау және қарақшылық» (Қазақстан Республикасының ҚК 99-б. 2-б, 8-т.) деген ұғымдарды бірыңғай қолданыста біріктіруді толығымен сәтті деуге келмейді. Бәрінен бұрын, заңнаманың жалдамалы адам өлтіруді шабуылдау, бопсалау және қарақшылыққа қатысты бір тәртіпте қарастыруы аса түсінікті емес. Сондай-ақ жалдамалы адам өлтіру мен пайдакүнемдік ниетпен адам өлтірудің арақатынасы да көптеген сұрақтар тудырады. Әлбетте, жалдамалы адам өлтірудің сипаты тәжірибеге қарамастан, пайдакүнемдік бағытты (тіпті болмағанда жалдамалы адам өлтіруді

орындаушы, және мұны құқық танушылар арасында жалпы қабылданған пікір деп айтуға болады, әрі тек пайдакүнемдік ниетпен болады) аңғартады.

Жалдау бойынша адам өлтіруге айдап салушы да (тапсырыс беруші) пайдакүнемдік жағынан келгенде ақша алуды ғана емес, сондай-ақ қандай да бір материалдық пайданы, дұрысын айтқанда, қалайда пайдакүнемдік мақсатты алға қояды.

Жалдау бойынша адам өлтірудің заңнамалық құрылымы практикада көп жағдайда адам өлтіруге тапсырыс беруші мен оны орындаушы әрекеттерін «қарапайым» адам өлімі ретінде жасыруға тырысатын оқиғалар кездесетіндіктен, жасалған қылмысты дұрыс саралауға қатысты біршама проблемалық жайттардың туындайтыны хақ. Әлбетте, жалдау бойынша адам өлтірудегі орындаушыға жасаған қылмысын кәдімгі адам өлімі ретінде жасыру пайдалырақ, себебі бұл жағдайда саралаушы белгілері болмағандықтан, тағайындалатын жаза да мейлінше жеңілдеу болады.

Бұдан басқа, жалдау бойынша адам өлтірудің орындаушылары тапсырыс берушілердің алдында қорқу салдарынан (әсіресе, тапсырыс беруші қылмыстық қауымның бірін басқаратын қылмыс әлеміндегі әйгілі адам болса), сонымен қатар жасаған қылмысы үшін төленетін қомақты қаржылай сыйақы, төлем жайында тергеуде және сотта айтылмас үшін олардың есімдерін жасырады.

Сондықтан да, жалдау бойынша адам өлтіру Қазақстан Республикасы ҚК 99-б., 2-б., 8-тармағының шегінен шығады, себебі ол мұнда көзделген басқа саралаушы белгілермен мейлінше жанама қатыстылықта болады. Сонымен, біріншіден, жалдау бойынша адам өлтірудің айрықша белгісі — қылмыстың өзіндік қатысушысының, яғни тапсырыс берушінің болуы. Екіншіден, орындаушының рөлі де мейлінше қызық, себебі «мұнда тұрған ештеңе жоқ қой, бұл тек жұмыс қой» деген оймен, бейтараптық танытып, өзінің құрбанына баюдың құралы ретінде қарайтын басқа қылмыскердің табылуы неғайбіл. Үшіншіден, тапсырыс беруші мен орындаушының арасындағы жалдауға қатысты қарым-қатынас ерекше белгілерді иеленеді. Кейде, сол адаммен «жұмыс істеу мүмкін емес» деген бастықтың сөзі қылмыс жасау туралы бұйрық ретінде қабылданады. Төртіншіден, тапсырыспен адам өлтіруді орындаушы жалдаушыдан сыйақы алады, осы жерде ұрып-соғумен, қорқытып алумен және қарақшылықпен ұштасқан пайдакүнемдік ниетпен адам өлтіру жағдайларында ақшалай сыйақы төлейтіндей қаржыгердің болмауынан бірге орындаушының ортақ әрекеттерінің арқасында пайдакүнемдік мақсатқа қол жеткізіледі. Мәселен, олардың әрекеттері белгілі құндылықтардан тұратын олжа табудың кепілі болып қалмақ.

Демек, жалдау бойынша адам өлтіру адам өлтірудің басқа түрлерінен негізінде айрықшаланады, себебі ол тапсырыс беруші мен құрбан арасындағы өзара қарам-қатынастар қызықтырмайтын, тек өзінің бас пайдасын ғана ойлайтын арнайы жалданған «бейтарап» адаммен жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, орындаушының рөлі жалдау бойынша адам өлтірудің айтарлықтай өзіндік ерекшелігін айқындайтындай ерекше белгіден тұратынын мойындамасқа амал жоқ.

Баяндалғандардың негізінде, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне жалдау бойынша адам өлтіргені үшін жауапкершілікті көздейтін дербес бапты толықтыру ретінде дайындау және қабылдау қажеттілігі туындағаны жайында қортынды жасауға болады. Мұндағы қажеттіліктер төмендегідей мән-жайлармен негізделеді:

1) пайдакүнемдік ниетпен, қарақшылықпен, қорқытып алумен ұштасқан адам өлтіргені үшін жауапкершілікті жалдау бойынша адам өлтіруден бөліп қарастыру қажеттілігі;

2) тапсырыс беруші мен орындаушының рөлін мейлінше нақты анықтау қажеттілігі;

3) проблеманың криминологиялық және жалпы сақтандыру проблемаларын айқындау өзектілігі, өйткені Қазақстан Республикасы ҚК 99-б., 2-б., 8-тармағындағы жалдау бойынша адам өлтіру басқа саралаушы жағдайлардың арасында нақты емес, көмескі, «көзге түспейді» деп айтуға болады.

Түйіндей келе, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне жалдамалы адам өлтіруді жасағаны үшін жауапкершілікті белгілейтін жаңа бапты енгізу туралы мәселені қарастыру

мақсатқа лайықтырақ болар еді. Бұл Қазақстан Республикасы ҚК 99-1-бабы болып төмендегідей редакцияда көрініс табар еді:

99-1-бап. Жалдау бойынша адам өлтіру

1. Жалдау бойынша адам өлтіру, –

сегіз жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен не болмаса бұл адам өлтіруді бақытсыз жағдаймен немесе басқа қылмыстармен жасыру тәсілімен екі немесе одан да көп адамдар жасаған жалдау бойынша адам өлтіру, –

он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Біздің ұсынымызды сұралғандардың 89 % қолдағанын айта кету керек.

Көрсетілген Қазақстан Республикасы ҚК 99-1-редакциясын ұсына отырып, төмендегі жайттарды ескерген жөн:

1) бұл жаңа енгізімнің мақсаты қоғам назарын жалдамалы адам өлтіруге аударудан тұрады; 2) жасалған жалдамалы адам өлтіруді басқа қылмыспен жасыруға тырысқан қылмыскерлерге әсер ететін жазалау шараларын күшейту керек.

¹ Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Курс лекций. Кн. 1 / Под общ. ред. И. Ш. Борчашвили. — Алматы, 2006. — С. 76.

² Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации / Под общ. ред. Генерального прокурора РФ Ю. И. Скуратова и Председателя Верховного Суда РФ В. М. Лебедева. — М., 1996. — С. 231.

РЕЗЮМЕ

В работе рассматриваются уголовно-правовые особенности убийств, совершенных по найму. В результате проведенного исследования автор предлагает ввести в УК РК самостоятельную статью, предусматривающую ответственность за данный вид уголовного правонарушения.

RESUME

The paper deals with criminal law especially the murders made on hiring. The study author suggests to introduce a separate article of the Criminal Code, envisaging responsibility for this kind of criminal offense.

ӘОЖ 343.4

Н. К. Ажибеков, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция капитаны

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипатының ұғымы қолданыстағы қылмыстық заңнама бойынша қарастырылады.

Түйін сөздер: кәмелетке толмағандардың мүдделері, қылмыстық құқық бұзушылық, балалардың құқықтары, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары, міндеттерді орындамау.

Аталған тақырыптағы қылмыстық құқық бұзушылықтың еліміздегі өткен 2015 жылғы сандық көрсеткіштеріне назар аударсақ, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2015 жылдың 12 ай қорытындысы бойынша келесідей құқық бұзушылықтар тіркелген. Барлығы: өндірістегі істер

— 1034, СДТТБТ-да тіркелген — 993, әйелдерге қатысты — 547, өндірісте аяқталған құқық бұзушылықтар — 402, кәмелетке толмағандарға қатысты — 564.

Оның ішінде келесілерін атап өтуге болады:

Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (ҚР ҚК 132-б.) бойынша өндірістегі істер — 35, СДТТБТ-да тіркелген — 33, әйелдерге қатысты — 9, өндірісте аяқталған құқық бұзушылықтар — 28, кәмелетке толмағандарға қатысты — 28.

Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 134-б.) бойынша өндірістегі істер — 20, СДТТБТ-да тіркелген — 18, әйелдерге қатысты — 14, өндірісте аяқталған құқық бұзушылықтар — 15, кәмелетке толмағандарға қатысты — 10.

Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару (ҚР ҚК 139-б.) бойынша – өндірістегі істер — 604, СДТТБТ-да тіркелген — 569, әйелдерге қатысты — 404, өндірісте аяқталған құқық бұзушылықтар — 31, кәмелетке толмағандарға қатысты — 314.

Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚР ҚК 140-б.) бойынша – өндірістегі істер — 263, СДТТБТ-да тіркелген — 252, әйелдерге қатысты — 70, өндірісте аяқталған құқық бұзушылықтар — 226, кәмелетке толмағандарға қатысты — 188.

Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (ҚР ҚК 141-б.) бойынша өндірістегі істер — 69, СДТТБТ-да тіркелген — 64, әйелдерге қатысты — 26, өндірісте аяқталған құқық бұзушылықтар — 54, кәмелетке толмағандарға қатысты — 14¹.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1959 жылғы 20 қарашада қабылданған «Балалардың құқықтары туралы» декларациясының 2-тармағында балаларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етілуі қажет, олардың дене, ақыл-ой, рухани дамуына жағымды әсерін тигізетін мүмкіндіктер мен қолайлы жағдайлар жасалған, ал әлеуметтік тұрғыдан дені сау және дұрыс, еркін және абыройлы болып өсуін қамту қажет деп бекітілген. Балаларды қорғау және оларға қолайлы жағдайлар туғызуға қатысты әлеуметтік және құқықтық ұстанымдармен келісілуін мақсат еткен².

Барлық әлемде соңғы онжылдықта балалардың жағдайы үрей туғызуда. Олардың қатарына кері әсерін тигізетін әлеуметтік тенденциялар күшеюі, құқықтық қорғанудың деңгейі төмендеуі, қылмысқа тартылып, бақытсыздыққа ұшыраған балалар мен жасөспірімдердің саны көбеюі жатады.

1989 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының 44 сессиясында «Балалардың құқықтары туралы» Конвенция қабылданды. Конвенцияның басты идеясы ең алдымен бала жеке адам, қоғамдағы қатынастың жеке субъектісі ретінде қарастырылды. Жеке адамның мәртебесі қоғаммен өзара байланысты екенін анықтайтын оның бостандығы, заңды мүдделері мен құқықтарының үлкенге де, балаға да қатысы бірдей³. Әрине, адамдарды қорғау және олардың құқықтары мен мүдделерін іске асыру басым болған.

1994 жылғы 8 маусымда Қазақстан Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясына қосылды⁴. Аталған Конвенцияны біздің мемлекетіміздің бекітуі кәмелетке толмағандардың тәрбиесімен ата-аналар мен педагогтар айналысуы қажет екендігі туралы ақиқаттың аса маңыздылығын дәлелдеп берді. Ал құқық қорғау органдары кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту бойынша іс-шараларды, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары, олардың мүдделері мен бостандықтарын қорғауды тиісті қылмыстық-құқықтық нормаларға сәйкес жүзеге асыруы қажет⁵.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады деп кепілдік береді.

Неке мен отбасы, ана мен әке және баланы мемлекеттік қорғау құқықтың көптеген салалары арқылы, солардың қатарында қылмыстық құқық арқылы да қамтамасыз етіледі.

Астана қаласында 2003 жылғы 10 қыркүйекте өткен қылмыстылықпен күрес және заңдылықты сақтау мәселелері бойынша мәжілісте сөйлеген сөзінде еліміздің Президенті барлық әлемде адамдарды нәпсіқұмарлық сипатта, еңбекке және басқа да пайдалану

мақсатымен заңсыз әкету және сату мәселесі өзекті болып отыр деп атап көрсетті. Қазақстанда қазір мұндай қылмыстық әрекеттің түрін болдырмауға бағытталған, заңды сипаттағы белгілі қадамдар жасалды. Ендігі жерде құқық қорғау органдарының міндеті — жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын тәжірибе жүзінде қамтамасыз ету⁶.

Кез келген нормалар жиынтығының жекешеленуінің теориялық негізі болып Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің жеке тарау түрінде қылмыс объектісі туралы, яғни қылмыстық әрекеттің нәтижесінде зиян келген немесе осындай қатер тууы мүмкін қоғамдық қатынастар туралы ілім табылады. Бұл ілім қатысушысының бірі болып кәмелетке толмағандар, басқаша айтқанда, мемлекет тарапынан ерекше қамқорлықты қажет ететін, біздің еліміздің болашағы — өскелең ұрпақ өкілдері болып табылатын қоғамдық қатынастар тобын көруге мүмкіндік береді. Бұл қатынастарды қылмыстық-құқықтық жолдармен қорғаудың басты мәні кәмелетке толмаған азаматтың мүддесін қорғау, жеке адамның қалыпты дене дамуы, зияткерлік және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасу жағдайларын жасау деген түсінікке әкеледі.

Кәмелетке толмағандардың дұрыс даму жағдайларының шешуші кезі отбасының сәтті болуына байланысты, яғни некеге, туыстыққа, балаларды асырап алу немесе тәрбиеге алуға негізделген адамдардың одағына тәуелді және олардың өмірі, мүдделері, өзара қамқорлығы, сондай-ақ екі жақтың құқықтары мен міндеттерінің ортақтығына байланысты екені жалпыға мәлім. Сондықтан кәмелетке толмаған адамды қорғау туралы мәселе отбасылық қарым-қатынастармен, оның ішінде қылмыстық-құқықтық тәсілдермен де тікелей байланысты.

2014 жылы 03 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1-бабының 2-бөлігінде заң шығарушымен Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді деген ереже бекітілген.

Аталған бұл ережелерінің бірі отбасы мен кәмелетке толмағандарды қылмыстық-құқықтық қорғау болып табылады. Атап өту керек, 1959 жылы Қаз. ССР ҚК-де отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар бөлек тарауларда орналасқан. Айталық «Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту» (ҚК 201-бабы) «Қоғамдық қауіпсіздікке және халық денсаулығына қарсы қылмыстар» деп аталған 9-тарауда берілген, ал «Балаларды асырау және тәрбиелеуден жалтару» (112-бап), «Қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану» (113-бап) және «Ата-анасына немесе жұбайына көмек көрсетуден жалтару» (114-бап) сияқты құрамдар «Жеке адамның өміріне, денсаулығына, бостандығы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстар» тарауында жазылған.

2014 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жаңа жеке баптар қосылды: Бала асырап алу жөніндегі заңсыз әрекет (137-бап), Кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету (143-бап) және Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту (144-бап) үшін жауапкершілік қарастырылады.

Көрсетілген тарауда қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын зерделеу кезінде, мұнда объектісі мағыналық тұрғыдан әртүрлі, бірақ өзара тығыз байланысты қарым-қатынастар болып табылатын 2 топ шоғырланғанына назар аудару қажет, осыдан барып «Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» және «Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп бөлінеді.

Қылмыстық кодекстің екінші тарауына кірген қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісінің бірі кәмелетке толмағандардың қалыпты дене дамуын, зияткерлік және адамгершілік қасиеттерінің дамуын қорғау бойынша қалыптасқан қоғамдық қатынастар болып табылады.

Тікелей объектісі кәмелетке толмағандардың адам ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету бойынша нақты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Жәбірленушілер: жас балалар, кәмелетке толмағандар болуы мүмкін. Жәбірленушілердің заңдық мүдделері олардың жасына, зияткерлік даму деңгейіне, денсаулық жағдайына тәуелсіз қорғалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігінің объективтік жағы кінәлілердің іс-әрекеттерімен жасалады. Тек екі қылмыс: «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау» — 140-бабы және «Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау» — ҚК 141-бабы, олар әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалады. Сонымен қатар, «Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару» 139-бабы қылмыстық әрекетсіздікке жатады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамы негізінен формальды түрде құрастырылған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 140 және 141-баптарынан басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының субъективтік жағы тікелей пиғылмен сипатталады. Бұл қылмыстардың себептері әртүрлі: пайдакүнемдік және басқа да арам ниеттер (ыза, кек, қызғаныш, өшпенділік және т. б.).

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі қылмыс жасалған сәтте 16-ға толған адамдар болуы мүмкін. Аталған тараудың ҚК кейбір баптары бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі болып ата-аналар (асырап алушылар) — ҚК 132 және 133-баптары, ал ҚК 139-бабы, 2-бөлігі бойынша кәмелетке толған еңбекке жарамды балалар табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі кәмелетке толмағандарды қорғауға бағытталған басқа да бірқатар нормаларды қарастырады. Олардың біреулері қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі құрамындағы кәмелетке толмағандарды жақтайды, мысалы, «Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі» — ҚК 100-бабы; «Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау» — ҚК 122-бабы; «Жас балаларды азғындық жолға түсіру» — ҚК 124-бабы; басқалары кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстарды жасағаны үшін қатаң жауапкершілікті қарастырады: «Ұрып-соғу» — ҚК 109-бабы, «Қинау» — ҚК 110-бабының 2-бөлігі, 1-тармағы; «Соз ауруларын жұқтыру» — ҚК 117-бабы, 2-бөлігі; «Адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыру» — ҚК 118-бабы, 3-бөлігі; «Бас бостандығынан заңсыз айыру» — ҚК 126-бабы, 2-бөлігі, 5-тармағы. Аталған барлық жағдайларда бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар қастандық әрекеттердің жеке тікелей объектісі болып табылады, сондықтан Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің 2-тарауынан тыс жатыр.

Қазақстан Республикасының Бас Пракуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің баспасөз мәліметі бойынша «2015 жылғы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының қорытынды жұмысында» 1991 жылдан бері кәмелетке толмағандардың жыныстық дербестігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарды 2016 жылдың басынан бастап қайтадан есепке алудың жаңа түрі — педофилдар жөніндегі электронды мәліметтер базасы құрылады⁷. Бұл қадам құптарлық жағдай.

¹ Қазақстан Республикасының Бас Пракуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2015 жылдың 12 ай қорытындысы // pravstat.prokuror.kz / rus

² БҰҰ Бас Ассамблеясының 1959 жылғы 20 қарашада қабылданған «Балалардың құқықтары туралы» декларациясы // www.un.org.ru

³ БҰҰ Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қараша 44 сессиясындағы «Балалардың құқықтары туралы» Конвенциясы // www.un.org.ru

⁴ Обзор о судебной практике по рассмотрению дел о преступлениях несовершеннолетних и о вовлечении их в преступную и иную антиобщественную деятельность // Бюллетень Верховного суда РК. — 2002. — № 5. — С. 26.

⁵ Ваше право. 1999. 5 февр.

⁶ Назарбаев Н. А. Демократические ценности и непререкаемый авторитет закона // Казахстанская правда. 2003. 11 сент.

⁷ Қазақстан Республикасының Бас Пракуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «2015 жылғы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының қорытынды жұмысы». Баспасөз мәліметі. 2016. 16 қаңтар // pravstat.prokuror.kz/rus

РЕЗЮМЕ

В статье раскрывается понятие уголовного правонарушения против несовершеннолетних по законодательству Республики Казахстан.

RESUME

In this scientific article is discussed the concept of criminal law, criminal offenses against minors according to the legislation of the Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 343.979

А. А. Алибаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция аға лейтенанты

ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада терроризм мен экстремизмге қарсы кейбір проблемалар қарастырылған.

Түйін сөздер: терроризм, экстремизм, қарсы күрес, жолын кесу, алдын алу.

Терроризм мен экстремизмнің қатерінен қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектісі ретінде мемлекет танылады¹. Ол осы саладағы өзінің қызметін арнайы құрылған органдары арқылы жүзеге асырады. Тиісті органдар өз кезегінде өздеріне берілген құзыреттер шегінде және мүмкіндіктер шеңберінде өзара әрекеттесе отырып, азаматтармен бірлесе отырып діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізеді. Сонымен қатар, террористік әрекеттерге жататын фактілерді, белгілерді және орын алған олардың салдарын хабарлайды.

Қазақстан Республикасында экстремизм мен терроризмге қарсы тікелей күрес жүргізетін органдар болып келесілер анықталады:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзету қызметі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі.

Алайда, экстремистік пен террористік әрекеттердің көрінісі барысында алдын алу, анықтау, жолын кесуде өз құзыреті шегінде басқа да мемлекеттік органдар қатысуы мүмкін.

Сонымен қатар, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізетін мемлекеттік органдар осы салада шетелдердің органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ұлттық заңнама мен халықаралық шарттарға сәйкес өзара әрекеттестік жүргізеді және Қазақстан Республикасының аумағында немесе халықаралық шарттарға сәйкес шетелдерде жедел іздестірулік шараларды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бойынша заңнамаларды әрмен қарай жетілдіру саясатын ұстанады және осы бағыттағы қандай да болмасын халықаралық нормаларды қолдап оларды мойындайды. Әсіресе, Халықаралық терроризмге қарсы күрес туралы жалпыға ортақ конвенцияның қабылдануы маңызды қадам болды. Осының негізінде қазіргі таңда елімізде экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бойынша бірнеше заңнамалар қолданыста, атап айтсақ: «Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заң, «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заң, «Терроризмді қаржыландыруға және заңсыз жолмен алынған ақшаларды заңдастыруға қарсы әрекет туралы» Заң және с. с. т. б.

Халықаралық нормаларға сәйкес экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің мемлекеттік жүйесінің моделі мен тиісті қағидалары анықталды. Экстремистік пен террористік топтарға қатысқаны үшін және ұйымдарға мүшелік еткені үшін, сонымен қатар осы тектес қылмыстарға қатысқаны үшін жауаптылық күшейтілді. Сонымен қатар интернет желісі арқылы таралатын экстремистік және террористік бағыттағы құйтырқы әрекеттерді насихаттауға бөгет қоятын құралдар іске қосылды. Қазіргі халықаралық экстремизм және терроризммен күрес мемлекеттердің глобалдық деңгейде екі жақты өзара келісімдер арқылы

жүргізуді талап етеді. Бұл орайда Қазақстан заман талабына сай бірқатар маңызды келісімдер жасасып тиімді нәтижелерге қол жеткізді.

Қазақстан осы салада БҰҰ, Еуропалық одақпен, Солтүстік атлантикалық келісімдік ұйымымен (НАТО), Шанхай ынтымақтастық ұйымымен, Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімдік ұйымымен белсенді өзара әрекеттестік етеді. Қазақстан БҰҰ-ң Қауіпсіздік Кеңесі Қарарының талаптарын бұлжытпай орындайды және орындалған жұмыстар туралы Ұлттық баяндамасын БҰҰ-на жыл сайын ұсынады.

Айтылғандарды негізге ала отырып, Ел басы Н. Ә. Назарбаевтың белгілеген әрі ұлттық заңнамамызға енгізілген міндеттері мен концептуалды шешімдері экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің әсерлі механизмдерін өңдеп шығаруға септігін тигізеді деп пайымдаймыз².

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы тікелей күрес жүргізетін субъектілердің өкілеттігі Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көрсетілген. Аталмыш заң діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізудің жалпы ережелерін, негіздерін, мақсаты мен тәртібін анықтайды. Осы заңға сәйкес, терроризмге қарсы іс-қимыл — мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының:

- терроризм профилактикасы;
- террористік іс-әрекетті анықтау, оның жолын кесу, террористік қылмыстарды ашу және тергеу;

- шұғыл медициналық көмек көрсету, медициналық-психологиялық сүйемелдеу, авариялық-құтқару және өртке қарсы іс-шаралар өткізу, террористік әсер етуге ұшыраған объектілердің қалыпты жұмыс істеуін және экологиялық қауіпсіздігін қалпына келтіру, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарды және оның жолын кесуге қатысқан адамдарды әлеуметтік оңалту, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарға моральдық және материалдық зиянды өтеу жолымен терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметі.

Осы көрсетілгендердің ішінен «терроризм профилактикасы» ұғымы бізді едәуір қызықтырады. Яғни, Заңға сәйкес терроризм профилактикасын жүзеге асыратын субъектілер — барлық мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Әрбір орган өз құзыреті шегінде терроризм профилактикасымен айналысады. Ал, көрсетілген Заңның 5-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асыруда келесі әрекеттерді орындайды:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ азаматтардың көмегін пайдалана отырып, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды;

2) террористік іс-әрекетке жататын және осы мемлекеттік органдардың құзыретіне енгізілген әрекеттердің дайындалу фактілері мен белгілері туралы хабардар етеді және өзара қажетті көмек көрсетеді;

3) терроризмге қарсы бірлескен операцияларды жүргізеді.

Осылайша Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы терроризмге қарсы күресте мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесу барысындағы құзыретін анықтайды. Әрине көрсетілген құзыреттерге сәйкес басқа да мемлекеттік органдарының терроризммен күресте жасауға тиіс ауқымды жұмыстарын байқауға болады. Осылайша барлық органдардың бірлескен әрі өзара ұштасқан күшімен ғана үлкен қарқынмен дамып келе жатқан экстремизм мен терроризмге қандай да бір бөгет жасауға болады. Терроризм әлсіздердің қаруы деп бекер айтылмаған. Онымен күресте барлық амалдар мен тәсілдер кәдеге жарары сөзсіз. Діни көзқарасты ұстанушы экстремистер де өздерінің мақсаттарына жетудің басты мүмкіндігі деп терроризмді түсінген. Сол себептен экстремистер өздерінің мақсаттарына жетудің басты құралы ретінде терроризмді қолдана бастады. Діни көз қарасты ұстанушы экстремистердің басты мақсаты — мемлекетте шарифат заңын орнату. Коституция мен басқа да заңдарды толығымен жою.

Сондықтан, пайымдауымызша жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардың құзыретін одан әрі кеңейткен дұрыс деп есептейміз. Мысалы:

- мемлекет пен қоғам мүдделеріне және адамның өмірі мен денсаулығына қауіп келтіруі мүмкін тұлғалар мен заттарға міндетті түрде назар аудару немесе қызығушылық таныту және олар бойынша құзырлы органдарға хабарлау;

- бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде терроризмді насихаттау және террористік актілерге қандай да болмасын нысандарда қатысуға үгіттеу фактілеріне бұлжытпай қарсы іс-қимыл жасау;

- қоғамдық және қоғамдық емес орындарда адам мен азаматтардың терроризмді қолдайтын және ақтайтын іс-әрекеттері мен сөздеріне міндетті түрде қарсы тұру, тиісті әсер ету шараларын қолдану.

Әрине, бұл көрсетілгендер мемлекеттік органдардың діни экстремизм мен терроризмді жедел іздестірулік алдын алу шараларының мазмұнын ашпайды. Өйткені, діни экстремизм мен терроризмді жедел іздестірулік алдын алу шараларын жүргізуге құзыреті бар мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Олар:

- 1) ішкі істер органдары;
- 2) ұлттық қауіпсіздік органдары;
- 3) сыртқы барлау саласындағы өкілетті орган;
- 4) Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары;
- 5) жемқорлыққа қарсы күрес қызметі;
- 6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;
- 7) экономикалық тергеу қызметі³.

Діни экстремизм мен терроризмді тиімді жедел іздестірулік алдын алу үшін көрсетілген органдардың үйлесімді жұмысы қажет. Олардың кейбіреулері экстремизм мен терроризмге қарсы күресте құзыретті болмаса да осы салада жедел іздестірулік жолмен алынған ақпараттарды дер кезінде құзыретті органдарға хабарлап, өз тарапынан тиісті алдын алу шараларын жүргізуі шарт. Өйткені, жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басты міндеттерінің бірі — қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін мәліметтер мен ақпараттарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және билік органдарына уақытылы хабарлау.

Діни экстремизм мен терроризмді алдын алу шаралары жариялы нысандарда жүргізіледі, ал жедел іздестірулік алдын алу шаралары жасырын әрекеттер мен күш құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Осылай олардың өзара айырмашылықтарын да айқындауға болады. Көрсетілген айырмашылық белгілері арқылы алдын алу қызметінің негізгі бағыттары да анықталады.

Құқық қорғау органдарының және арнайы қызметтің өкілетті қызметкерлері экстремизм мен терроризмді тиімді жедел іздестірулік алдын алу үшін осы көрсетілген бағыттарды ұстанғаны абзал. Өйткені, экстремизм мен терроризмді жедел іздестірулік алдын алуды толық және жан-жақты орындау осы бағыттар арқылы ғана жүзеге асырылатындығы басымырақ болып келеді. Әрине, экстремизм мен терроризмді жедел іздестірулік алдын алуға қатысты құқық қорғау органдарының және арнайы қызметтің өкілетті қызметкерлерінің жұмыстарын өзара салыстыруға болмайды, өйткені, айырмашылықтары «жер мен көктей». Бірақ олардың жұмыстарын бір бағытқа ұштастыру — тиімді жұмыстардың кепілі болып табылмақ.

¹ «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 13.07.1999 жылғы № 416-І Заңы, 4-бап, 1-бөл.

² Моджорян Л. А. Терроризм: правда и вымысел. — Алматы, 1999. — С. 139.

³ Жедел-іздестіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңының 6-бабы. (2014.07.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые проблемы противодействия терроризму и экстремизму.

RESUME

This article discusses some of the problems of counteraction to terrorism and extremism.

ӘОЖ 343.971

С. Қ. Алтайбаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ БІРІ — ҮГІТ-НАСИХАТ

Аннотация. Мақалада қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы үгіт-насихаттың маңызы криминологиялық тұрғыдан сақтандыру шаралары ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық бұзушылық, алдын алу шаралары, үгіт-насихат, адам құқықтары, бұқаралық ақпарат құралдары, маскүнемдік, адамгершілік.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу қылмыстылықтың себептері мен шарттарына және қылмыскердің жеке басына әсер ететін мазмұны мен бағыттылығы жан-жақты шаралардың кешенін жүзеге асыруды қарастырады. Ал кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу әртүрлі экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық және басқа да шараларды жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Қазіргі таңдағы криминология ғылымы қылмыстылықтың алдын алудың түрлі жіктелген нұсқадағы шараларын ұсынады: олар, көлемі бойынша, деңгейі бойынша, уақыты бойынша және т. б. Біздің ғылыми мақаламыздың мақсатына қарай қылмыстық құқық бұзушылықтардың деңгейі мен мазмұнына қарай қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда үгіт-насихаттық шаралары жайында айтылады. Қылмыстылыққа жалпы әлеуметтік алдын алу арқылы әсер ету, алдын алу шараларының құрамдас бөлігі бола тұра, әлеуметтік ескерту шараларын талдау мен жүзеге асырудың негізі болады. И. И. Карпец кезінде өзінің еңбектерінде: «Қылмыстылық — әлеуметтік теріс қылық болғандықтан онымен күресуде ең бастысы болып, қоғамдық қатынастарды әрі қарай дамыту мен жетілдіруге бағытталған әлеуметтік шаралар танылады. Әрине, бұл шаралар тікелей қылмыстылыққа бағытталмағанымен, бірақ осы шаралар жанама түрде қылмыстылықтың жай-күйіне елеулі әсер ете алады»¹, — деп, бірнеше рет атап өткен. Осыған қатысты кейінгі жылдары ғылымда жалпы әлеуметтік алдын алу криминологияның зерттеу пәніне жатпайды деген пікірлер айтылды². Дегенмен де, бұл айтылғандармен келісе отырып, криминологиялық зерттеулерде, қылмыстылықтың алдын алуда криминолог экономикалық, әлеуметтік және құқықтық реформаладың нәтижелері мен салдарын бағамдап, болжауға міндетті екенін ұмытпауымыз керек.

Қоғамдағы қылмыстылықтың алдын алудың бір бағыты заңның шексіз үстемдігін жария ететін үгіт-насихат жұмыстары болатындығы бұрыннан белгілі. Елдің нарықтық қатынас заманына өтіп, демократиялану кезеңінде қазақстандық қоғам батыстың үдерісін негізге ала бастады. Ол Қазақстан халқының, оның ішінде жастардың рухани және моральдық тұрғыдан өзгеруіне әкеп соқты. Қазақстандық жастар батыстық күн көріс культін насихаттайтын, зорлық-зомбылыққа толы жаһандану саясатының екпіні алдында тіптен қорғансыз қалды. «Реформаторлардың айтуы бойынша, маркстік-лениндік идеология, оған қоса Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының жүйесін алып тастағаннан кейін, ғылымның, өнердің, саясаттың, экономиканың және әлеуметтік өмірдің идеологияларының еркін, гүлденген кезеңі басталады», — деп, пайымдаған болатын. Бірақ, қоғамдағы идеологиялық жүйенің бұзылуымен қоса, оған сүйенетін барлық құрылымдар мен салалар да құрдымға кетті.

Сондықтан идеология — ол тек идеологиялық әдістеме, оқыту емес, құрылымдардың іргетасы, қоғамның негізгі элементі», — деген Ю. Г. Волков «Идеология для России» атты еңбегінде³.

Қазіргі Қазақстандағы идеология жүйесінің біртұтастығының болмауы — билік өкілдерінің біріккен қағидаларға негізделмеген саяси идеологияларды өз бетінше шығара бастады. Бұл қоғамда рухани, саяси, экономикалық және отбасылық-тұрмыстық саладағы ыдырауға әкелетін былыққан идеологияға әкеп тірейді.

Адам құқығы идеясы барлық шешілмеген психикалық мінез құрылымын өзгертуі тиісті. Адам құқығы қазақстандықтардың құндылық жиынтығы болып, барлық жүйенің бастауы ретінде, ұлттық нақышқа айналуы керек.

Адам құқығына құрметпен қарауды қалыптастыруда отбасына және балаға деген жаңа көзқарасты бекітумен де үздіксіз байланыста болуы қажет.

Кез келген отбасының өмірінде ұжымдасуды дамыту ерекше рөл атқарады, ол отбасы мүшелерінің өзара көмекке, қол ұшын беруге, парыздық сеземдерге, бір-бірінің алдындағы жауапкершілікке ұмтылуынан құралады.

Дәл осы қасиеттер отбасының әрқайсысының жеке әлеуметтену қызметін жүзеге асырады және өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында адамгершіліктің идеологияның қалыптасуына жәрдемдеседі.

Адамгершілік пен демократизм бір-бірін толықтыра отырып, қоғамдық санада беки түседі және адамдар арасындағы жеке қатынастарда мінез-құлықтарын өзгертіп, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасында криминагендік ушығуды төмендетеді.

Заманауи технология кезеңінде жастарға жаңа идеологияны бекіту үшін қажетінше тиісті ақпараттық құралдарды пайдаланған дұрыс. Қалың бұқараның ортасында қылмыстылықтың алдын алу бойынша үгіт-насихаттық іс-шараларды жүзеге асырып, халықта қоғамдық пікір қалыптастыру үшін, қазіргі таңда зор еңбекті қажет етеді. Ол үшін үгіт-насихаттық қызметтің жалпы мәдени деңгейді көтеріп, қылмыстылықты азайтатын күшті әдіс, тәсілдер қолданылады. Әдетте біз үгіт-насихатты бір жақты айту, түсіндіру, дәрістер оқу деп түсінеміз, насихат — адамды қызықтыратын теле көріністерді, радио хабарларды дайындау, ғылыми-танымдық ақпараттарды және тағы басқаларын шығаруды да қамтиды. Қоғам мен отбасының айырылмас бөлшегіне айналып кеткен бұқаралық ақпарат құралдарымен қоса әлеуметтік желілердің көмегін кеңінен қолдануды жолға қою керек. Қорытындысында, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі жеке отбасындағы жатсынудың алдын алып, өзара отбасылық байланыстарын және қоғамдағы адамгершілік қасиеттерінің жетіле түсуі мүмкін.

Мазмұны бойынша кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептерінің өсуіне жол бермейтін үгіт-насихаттың құқықтық, маскүнемдікке қарсы, идеологиялық және т. б. түрлерін бөліп алуға болады:

1. Құқықтық насихат ақпараттарды, кино, театр, көркем әдебиеттерді тікелей қолдану жолымен, мемлекет пен қоғам талап ететін адамның құқықтық санасының қалыптасуына, оның моральдық-адами сапаларының жетілуіне нормативтік талаптар жөнінде ақпарат беруден тұрады. «Құқықтық насихат, бір жағынан өзі есекертулік әсер етеді, екінші жағынан, қоғамның тарапынан жұмсалатын ескертулік жұмыстарды оңтайландырады»⁴. Соған қоса, құқықтық насихаттың өзегі құқықтық білім беру (қарапайым түрде болса да) болуы тиісті. Бала құқығы туралы халықаралық және отандық нормаларды, оларды бұзған жағдайдағы жауаптылық жөніндегі заңнамаларды білу — құқықтық сананың және құқықтық мінез-құлықтың қалыптасуы кепілі бола алады.

2. Маскүнемдікке қарсы насихат тұрғындарға маскүнемдіктің, нашакорлық, уытқұмарлықтың әлеуметтік және психо-неврологиялық ауыр зардаптары жөнінде ақпараттандыруды білдіреді. Қалыптасқан дәстүр немесе тәрбие, қоршаған орта немесе туындаған жағдайлар спирттік ішімдікке құмар болудың себептерін еңсере алады. Ол үшін сол адамның бойында басқа да әлеуметтік құндылықтар мен жақсылықтарға ұмтылуға жол ашу арқылы жүзеге асады. «Маскүнемдікке қарсы насихат тек маскүнем адамға ғана адрестік тұрғыдан емес, оның отбасы мүшелеріне, балалары бар басқа отбасыларына да бағытталып

жүргізілуі тиіс... бұл жастарды ерте отбасында маскүнемдікке қарсы алдын алу шаралары болып есептеледі»⁵.

3. Валеологиялық насихат маскүнемдікке қарсы насихаттан мазмұны бойынша жалпы және кең түсінік. Ол жеке адамның бойында салауатты өмір салтын ұстану мен дене тәрбиесі дағдыларының қалыптасуынан тұрады.

4. Адамгершілікке тәрбиелеу, ол білім беру мен тәрбиенің жемісі, бірақ, бұл жетістікке жетудің жалғыз жолы емес, кәмелетке толмағандарды адамгершілікке тәрбиелеу бәрімен, барлық жерде жүзеге асырылуы керек.

Аталған шаралар мен жұмыстарды қолдану қоғамды жаңартудың ерекше шарты, оны ізгілендіру мен моральдық тұрғыдан жетілдіру, жеке адамдар арасындағы адами қарым-қатынас климатын сауықтыру, моральдық нормаларды сақтау мен құрметпен қарау рухында азаматтарды тәрбиелеу, отбасылық негіздерді бекіте түсу, соған қоса аталғандар отбасылық, тұрмыстық, бос уақыттағы, сексуалдық және басқа да салаларда балаларға қатысты туындайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың қажетті элементі болып табылады.

¹ Карпец И. И. Проблемы преступности. — М., 1969.

² Бабаев М. М. Предмет и пределы криминологии: категории науки и феномены практики // Криминологический журнал. — 2004. — № 1 (6).

³ Волков Ю. Г. Идеология для России // Социально-гуманитарные знания. — 2001. — № 2.

⁴ Вермеш М. Основные проблемы криминологии / Пер. с венгер. С. Г. Келиной, под ред. и со вступит. ст. Н. А. Стручкова. — М., 1978.

⁵ Чечот Д. М., Шестаков Д. А. Социальное зло — алкоголизм: Семья и право. — Л., 1988.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы предупреждения уголовных правонарушений против семьи и несовершеннолетних.

RESUME

In this scientific article the questions of propaganda are examined on warning of criminal offence against family and minors.

ӨОЖ 343.61

Қ. М. Әлімбеков, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция капитаны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҰҒЫМЫ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы қылмыстық-құқықтық тұрғыдан қарастырылады.

Түйін сөздер: жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық, адам құқықтары мен бостандықтары, жеке бастың өмірі, қоғамдық қауіпті қол сұғушылық, адам өлтіру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2016 жылғы 6 қаңтардағы «Ұлт жоспары — қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласының бір тарауында құқықтық тәртіп және заңдылық қаралды. Онда Мемлекет басшысы «Екінші реформаның мәні тәуелсіз сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдарды қатаң орындауға және құқық тәртібін нығайтуға бағытталуы тиістігінде» — деп, құқық қорғау жүйесіне баса назар аударады¹.

Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы жөнінде қарастырамыз. Бұл тақырыпты

әріден қозғасақ, қоғамдық құндылықтар жүйесіндегі өмір сүру, денсаулық, жыныстық қол сұқпаушылық пен жыныстық еркіндік, сол сияқты ар-намыс құқықтары біздің мемлекетіміз сияқты бүкіл әлемде де әлеуметтік құқықтардың маңыздысы ретінде өткен ғасырдың ортасына қарай сипатталады. Бұл туралы 1948 жылдың 10 желтоқсанында адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының жариялаған БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында атап өтілген болатын².

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының өзі адам құқықтары мен бостандықтары, оның ар-намысы мен қадір-қасиеттері қоғамның және мемлекеттің жоғары құндылықтары ретінде бекітіліп, Қазақстанның өркениетті мемлекеттер қауымдастығына енуін айқындады.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің құқықтық механизмдер тиімділігін арттыру мәселесі әсіресе қазіргі таңда баса назар аударуды талап етуде.

Азаматтардың жеке басына, құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар біздің қоғамымызға үлкен зиянын тигізеді. Сол себепті мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтармен шешуші күрес жүргізу Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының маңызды міндеті болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықпен күресу үшін елімізде қылмыспен тікелей күрес жүргізетін мемлекеттік органдардың жұмысын жақсартудың, сол сияқты қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдірудің маңызы зор. Қылмыстық-құқықтық ғылым тәжірибеші-заңгерлер қылмыстық заңды дұрыс қолдануға септігін тигізетіндей құқықтық мәселелерді дайындауы керек.

Қылмыстық қол сұғудан жеке адамды қорғау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабында бекітілген міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстанның қылмыстық құқығында Қылмыстық кодекстің жүйесіндегі қылмыстың осы тобының орны туралы мәселе бірнеше рет қаралған. Соған қоса, бұл туралы 1959 жылғы Қазақ КСРО қылмыстық кодексінде жеке адамға қарсы қылмыстар мемлекеттік қылмыстар мен меншікке қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын тараудан кейінгі 3-тарауда жеке басқа қарсы қылмыстар қарастырылғаны дәлел.

Қазіргі уақытта қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауынан басталады, бұлай орналасуы Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының ережесіне жауап береді.

2. Қаза болғандардың саны.
3. Жәбір көргендердің саны.
4. Материалдық залалдың деңгейін.

Сонымен қатар, индексті дайындау барысында террористік белсенділікке байланысы бар басқа да факторлар талданады.

Биылғы зерттеуде 2014 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықтағы жалпы планетадағы тұрғындардың 99,6 % құрайтын 162 елдің террористік белсенділіктері туралы мәліметтер талданған. Террористік оқиғалардың санын, қаза болғандар мен жәбір көргендердің санын және орын алған материалдық залалдың деңгейін ескере отырып терроризмнен едәуір зиян шеккен елдердің алғашқы бестігі — Ирак, Ауғаныстан, Нигерия, Пәкістан және Сирия. Бұл елдердің үлесіне дүние жүзі бойынша орын алған террористік оқиғалардың 57 % тиесілі, ал осы себеппен қаза болған адамдардың 78 % тиесілі. Онымен қоса, аталған елдердің ішіндегі ең көп террористік оқиғалардан зардап шеккені — Ирак. Бұл елде 3 370 террористік шабуылдар орын алған, олардан 9929 адам қаза тапқан. Әрмен қарай Индия, Йемен, Сомали, Ливия, Таиланд, Филиппины және Украина. Бұл елдерде де террористік белсенділіктің жоғары дәрежесі анықталған. Қазақстан бұл рейтингтің 83 орнын иеленді². 2011 жылмен салыстырғанда Қазақстан өзінің көрсеткішін 35 позициясына дейін жақсартты (1 сурет). Нақтырақ айтсақ, 2010 ж. — 104 орын, 2011 ж. — 48 орын, 2012 ж. — 53 орын, 2013ж. — 65 орын, 2014ж. — 83 орын.



1 сурет

Зерттеушілердің пікірінше, террористік шабуылдардың басты себептері ретінде саяси тұрақсыздық, әртүрлі әлеуметтік топтардың өзара алауыздықтары және адамдардың құқықтарының жаппай бұзылуы танылған. Сонымен қатар соңғы жылдардың басты ерекшелігі — діни терроризмнің кең таралуы⁴.

Пайымдауымызша, ислам дінін жамылған террористік ұйымдардың пайда болуының себебі — олардың ислам елдерінен шығуы. Ұранын «Аллаһу Акбар» деп бастаған террористік сарбаздар бүкіл әлемге ислам дінінің қатігез дін ретінде ұғындыруда. Сонымен қатар, жалған діни ғалымдар өздерінің зұлымдық жасауға жол ашатын өтірік пәтуаларын шығарып, оларды интернет желілері арқылы жариялап көп адамдардың санасын «уландыруда».

Жаңазеландияның Бейбітшілік пен қақтығыстарды зерттеу бойынша Орталықтың директоры Кевин Клементстің айтуынша, бүкіл әлем бойынша террористік нысандардың басым көпшілігі қарапайым азаматтарға (29 %), үкіметтік ұйымдарға (17 %) және құқық қорғау органдарына (14 %) қарсы бағытталған. Бір қызығы, әскери объектілер мен қарулы күштердің өкілдері тек 4 % ғана террористік нысандар ретінде анықталған. Ал, діни қызметкерлердің 3 % көлемінде террористік шабуылдардан зардап шеккен. Сарапшылардың басым бөлігі террористік актілер экономикалық тұрғыда кіріс көлемі төмен елдерде орын алатындығына сенімді, алайда орын алған террористік актілер кірісі орта есеппен жоғары елдерде (Ресей, Түркия,) кірісі төмен елдерге (Ауғаныстан, Сомали, Нигерия) қарағанда 50 % жоғары. Яғни, бұл террористік шабуылдардың қозғалтқыш күші — кедейлік екендігін білдірмейді және кірісі орта есеппен жоғары елдерде террористік актілер мүлде болмайды дегенге ешбір кепілдік бермейді.

Зерттеу барысында қызығушылық тудыратын бір жәйт анықталды. Террористік шабуылдардан көбінесе гибриді режимді мемлекеттер жапа шеккен. Гибриді режимді мемлекет — демократиялық және авторитарлық режимдердің бірдей жүргізілетін ел деп түсінуге болады. Гибриді режимді елдерде жалпы террористік актілердің 46 % орын алған, ал жалпы жәбір көргендердің 60 % көлемі осы мемлекеттердің үлесіне енеді. Сонымен қатар, жүргізілген талдаулар террористік шабуылдардың басым бөлігі елде болып жатқан қақтығыстар жағдайында орын алады⁵.

Мысалы, Ресейде Шешеністан соғысынан бері шешен халқының Ресей үкіметіне деген ішкі алауыздығы сақталып қалған секілді. Себебі, Ресейде болған террористік актілердің барлығы дерлік шешен ұлтты азаматтардың қатысуынсыз өтпеген. 2002 жылы Дубровкадағы «Норд-Ост» мәдениет үйінде орын алған террористік әрекеттердің салдарынан 130 адам көз жұмған. Бұл оқиғаға жауапты Шешен елінен шыққан террорист Мовсар Бараев танылған⁶. 2004 жылы Бесланда орын алған террористік әрекеттердің салдарынан 344 адам қаза тапты, оған жауапты Шамиль Басаев танылды⁷. Осы жылы Мәскеудің қалалық соты ағайынды шешен ұлтты Алихан және Ахъяда Межиевтерді, Аслан Мурдаловты және Ханпашу Собралиевті Мәскеудің оңтүстік-батысында «Макдональдс» дүкенінің алдында автокөлікті жарып жібергені үшін әрқайсысын 15 жылдан 22 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан

айыру түріндегі үкім шығарды⁸. Сонымен қатар, 2010 жылы Мәскеудің метросының «Лубянка» және «Мәдениет саябағы» стансаларында болған жарылыстарға жауаптылықты Доку Умаров алды. 2013 жылы Ресейдің Волгоград қаласында автобустың ішінде өзін-өзі жарып жіберген әйел Наида Асиялова, ұлты шешен екендігі анықталды⁹.

Ал, Шығыс Украинадағы соғыс және Қырым түбегіндегі оқиға да өз ерекшелігімен тарихта белгіленді. Қырым халқы Ресейге қосылу туралы бір дауыспен халықтық референдум жариялап көпшіліктің басым даусымен өз мақсаттарына қол жеткізді. Мұндай оқиға заманауи кезеңде күтпеген ерекше жағдай ретінде танылды. Бұл басқа көршілес елдерге ойлануға берілген белгі. Қазақстанның осы контекстте жағдайы және болашағы қандай деген сұрақ туындайды. Статистикаға назар аударсақ жағдайдың алаңдататындығы көрінеді. Әсіресе, Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облысы. Қостанайда жалпы қазақтардың саны 341411 адам болса, орыстардың саны 371019 адам (украиндар 78440 адам). Солтүстік Қазақстан облысында қазақтар 196872 адам болса, орыстар 287562 адам (украиндар 26093 адам). Сонымен қатар Қостанай да Солтүстік Қазақстан облысы да Ресейдің шекарасында орналасқан. Бұл елді мекендерде қазақтардың санының кем болуы Қазақстанның тұтастығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Оған қоса Қазақстанда сепаратистік әрекеттерді жоққа шығаруға болмайды. Сепаратистік қозғалысты тудыратын жағдай — ұлт аралық алауыздық. Оған шетелдердің арнайы қызметкерлерінің жасауы мүмкін әрекеттерін де ескеру қажет.

Қазақстанда ұлт аралық алауыздықты қоздырудың бірқатар оқиғалары анықталды. Осы жағдай бойынша жауаптылыққа тартылған Т. Шевцова-Валова, Е. Вдовенконың ұлт аралық алауыздықты қоздыру әрекеттері, Ресей саясаткерлері Э. Лимоновтың, В. Жириновскийдің, В. Штыгашевтің Шығыс Қазақстанды Ресейге қосу қажеттілігі туралы жариялаған мәлімдемелері¹⁰, Алматыда пайда болған «Славянское братство Казахстана»¹¹ ұйымы, Е. Тайчибековтың¹² әлеуметтік желілердегі үндеулері мәселенің күрделі екендігін куәландырады. Өйткені сепаратизм — терроризмнің түпкі тамыры, ал экстремизмнің басы (белгілері) болып табылады.

Қазақстанда экстремизм мен терроризмді алдын алу үшін оларға жол беретін себептермен күрес жүргізу қажет. Анықталған белгілерді ескеріп дер кезінде алдын алу шараларын қолдану тиімді, әрі мақсатқа лайықты болып табылады.

Сонымен қатар, елдегі саяси тұрақтылығының бекем болуына, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қатаң сақталуына, қоғам мен ұжымдардың наразылығын тудыратын мән-жайларды жоюға бағытталған және ішкі топтардың ынтымақтастығына септігін тигізетін әрекеттерді жасау терроризмнің түбегейлі жойылуына әкелетін негізгі қадамдардың бірі.

¹ The Global Terrorism Index 2015// қол жеткізу режимі <http://counter-terror.kz/ru/article/view?id=3601>. 10.01.2016ж. сағ.12.40

² The Global Terrorism Index 2015// қол жеткізу режимі www.economicsandpeace.org.11.01.2016 ж. сағ.16.10

³ The Global Terrorism Index 2015 // қол жеткізу режимі // <http://www.visionofhumanity.org/#page/indexes/terrorism-index/2014/KAZ/OVER..> 11.01.2016ж. сағ. 18.15

⁴ Глобальный рейтинг терроризма // қол жеткізу режимі <http://www.hayweb.ru/news/politics/4431-globalnyy-reyting-terrorizma-2015-goda.html>. 14.01.2016 ж. сағ. 09.30

⁵ Қол жеткізу режимі // <http://economicsandpeace.org/wp-content/uploads/2015/11/2015-Global-Terrorism-Index-Report.pdf>

⁶ РИА новости //қол жеткізу режимі // <http://ria.ru/spravka/20151023/1305641188.html>

⁷ Терроризм в России //қол жеткізу режимі // <http://www.calend.ru/event/4284/>

⁸ РИА новости //қол жеткізу режимі // <http://ria.ru/justice/20111220/521791201.html>

⁹ РИА новости // қол жеткізу режимі // <http://ria.ru/spravka/20131229/987132908.html>

¹⁰ РИА новости //қол жеткізу режимі // <http://flashpress.kz/blog/flash/66421.html>

¹¹ Сепаратисты Новороссии объявились в Алматы // қол жеткізу режимі // <http://newtimes.kz/obshchestvo/item/10041-separatisty-novorossii-ob-yavilis-v-almaty>

¹² Тайчибеков осужден // қол жеткізу режимі // <http://www.altyn-orda.kz/ermek-tajchibekov-osuzhden-na-chetyre-goda-tyurmy/>

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые проблемы противодействия терроризму и экстремизму.

RESUME

This article discusses some of the problems of counteraction to terrorism and extremism.

ӘОЖ 342.7.

Т. Р. Сейдығалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАРЫ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының адам құқығы саласындағы ішкі істер органдары қызметінің негізгі бағыттары және стандарттары қарастырылады.

Түйін сөздер: конституциялық құрылыс, декларация, адам құқықтары мен бостандықтары, қоғамдық тәртіпті қорғау, полиция, демократия, идеалистер, реалистер, оптимистер.

Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету шеңберінде, полиция ішкі істер органдарының негізгі бөлімі ретінде ауқымды жұмыс атқарады. Қоғамдық тәртіпті қорғау, азаматтардың қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау бойынша тікелей жұмысты ұйымдастыру жүктелген.

Сондықтан да құқық қорғау аясындағы полициямен жүргізілетін шаралардың негізгі міндеті құқықтар мен бостандықтардың бұзылуының алдын алу және оларды жүзеге асыру жолындағы келеңсіздіктерді болдырмаумен іспеттеледі. Бұл жерде тек азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының алдын алуға маңызды рөл аударылады. Ішкі істер органдары қызметінің жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жағынан маңызды бағыты бұл құқықты қорғау қызметі болып табылады.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау — адамға оның өміріне, денсаулығына, бостандығына, меншігіне және өзге де игіліктеріне қол сұғатын қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, тергеу және ашу, сонымен қатар қылмыс жасаған және анықтау, тергеу органдарынан және соттан жасырынған тұлғаларды жедел іздестіру, қажетті мәжбүрлеудің түрлі шараларын қолдану тіпті тұлғаны тұтқындау және атыс қаруын қолдануға дейін, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу, азаматтардың жасалған шарттары бойынша тұрғын үйлерін және мүліктерін қорғау және т. б.

Полициямен іске асырылатын көрсетілген өкілеттіктер азаматтардың жеке бостандықтарын шектейтін және өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруларына кедергі келтіретін жағымсыз құбылыстарды анықтауға және жедел түзеуге септігін тигізеді. Осы мағынада адам құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуы полиция қызметінің қорғауынсыз мүмкін емес. Сондықтан полицияның негізгі борышы азаматтардың жеке бостандықтарының игілігін еркін қолдануларын қиындататын келеңсіз факторларды түзеу болып саналады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуі тиіс деп белгіленген. Мұндай конституциялық норма адам мен азаматтардың жеке бостандықтары аясындағы әрекеттерінің заңдылығына полиция жағынан тұрақты қадағалауды талап етеді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету — азаматтардың және өзге де тұлғалардың өз құқықтары мен бостандықтарын құқыққа сай жүзеге асыруды қамтамасыз

ету бойынша міндеттілігін белгілейді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету негізінде полицияның әкімшілік қызметінің шеңберінде жүзеге асырылады.

Азаматтардың жеке өміріне араласуға көптеген полиция бөлімдерінің шектеу құқығы бар. Көбінесе бұл тұлғаның құқық бұзушылық жасағандығына немесе тұлғаны құқыққа қайшы әрекет жасаған кезде сезік тудырған жағдайға байланысты болады. Бірақ аталған өкілеттіктің ерекше бір сипаты бұл құқық бұзушылардың немесе сезіктілердің ғана емес, сонымен қатар өзге де тұлғалардың жеке мүддесін қамти алады. Полиция қызметкерлеріне ең алдымен, жеке тұлғаның ар-ожданы мен абыройын, азаптаудан бостандығын, күш көрсету мен қатал қарауын, жеке өмірге қол сұғылмаушылығын, жеке және отбасылық құпияға құқылығын, ар-ождан бостандығын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы және өзге де орынды қорғалуын сөзсіз, бұлтарыссыз сақтау жатады.

Полиция қызметіндегі адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылық принципі мемлекет механизміндегі органдардың мақсаттарын түбегейлі өзгертуден байқалады. Осы шамада америкалық ғалымы Ж. Бродериктің зерттеуі қызығушылық танытады¹. Аталған автор сызба ұсынды, осы сызбаға сәйкес полицейліктердің төрт моделін ерекшелейді.

1. Идеалистер — қоғамдық тәртіпті, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарында қамтамасыз етуге ынтылылығымен сипатталады. Олардың қызметі көбінесе алдағы қойылған міндеттердің барлық кешенін орындауда және осының нәтижесінде өз кәсібіне көмексіздік пен қанағаттанарлықсыз танытқан кезде, өз ведомстволары мен жұртшылықтарына қатысты келіспеушілік пиғылымен ерекшеленеді.

2. Жазалаушылар — қоғамдық тәртіп үшін өздерін жауапты деп сезінеді. Осы міндетті орындау жеткілікті анық айғақталған басымдылығымен сипатталады.

3. Реалистер — жазалаушылармен бірге қоғамға қатысты «арсыз» елесін бірге бөліседі, бірақ өздерінің кәсіптеріне қажетті қиялдарын, әсіресе бой ұсынуларын жоғалтқандығын сезіне отырып, олардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, қорғауға міндетті құқықтық тәртіпке талғаусыздық танытады. Реалистер — бұл кәдімгі көңілі қалған идеалистер.

Оптимистер — халыққа көмек көрсетуде өз қызметінің әлеуметтік жағын белгілеп және тек қана заң шеңберінде әрекет ете отыра, қоғамдық тәртіпті қорғау және азаматтарды қорғау міндетінің арасындағы басымдылық иерархиясын төңкеруге ұмтылады.

Полиция қызметінің негізгі әдістері басқа да мемлекеттік басқару органдары секілді сенім және мәжбүрлеу болып табылады. Сенім полиция қызметінің әдісі ретінде өнегелік, құқықтық тәрбие, сондай-ақ ұйымдастырушылық-көпшілік жұмыс атқаруымен айғақталады. Оның мақсаты азаматтардың жалпы құқықтық мәдениетін жоғарлату болып табылады. Бұл үшін құқықтық ағарту жүзеге асырылады, дұрыс мінез-құлық қалыбы қалыптасады, мысалы, заңды құрметтейтін мінез-құлықтың пайдасы мен тиімділігін, жекелеген нормативтік актілердің ережелерін, құқыққа сай өзін-өзі қорғау принциптерін, құқық бұзушылық жасағанда жауапкершіліктің пайда болу сипатын түсіндіру барысында².

Бүгінгі таңда Қазақстанның әрекеттегі заңнамасын Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі принциптеріне, ең алдымен адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылық принципіне толық сәйкестендіру мақсатында жетілдіру аса маңызды. Бірінші кезекте бұл Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық процесс кодекстеріне қатысты.

Сондықтан да құқықтарды шектеу кезінде адам құқықтары мен бостандықтарының жалпы декларациясының ережелеріне сүйену қажет. Осы мәселе бойынша Декларацияның 29-бабының 2-тармақшасындағы бекітілген принцип қазіргі уақытта өте өзекті: әрбір адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде өзгелердің құқықтары мен бостандықтарының танылуы мен құрметтелуін қамтамасыз ету және демократиялық қоғамдағы өнегеліктің, қоғамдық тәртіптің және жалпы игілігінің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсатында тек қана заңмен белгіленген шектеулерде ғана тартылуы қажет³.

Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу ең алдымен Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын — мемлекеттің басты тіреуін,

Республикадағы конституциялық, құқықтық мемлекет сипатын қамтамасыз етуге шақырылған оның негізін қалаушы принциптерін қорғау үшін енгізіледі. Сондықтан да Конституциядағы бекітілген конституциялық құрылыстың негіздері Қазақстан Республикасының мемлекеттік және қоғамдық құрылысының барлық құқықтық реттеу іргесін құрайды, заңдық тұрғыда қазақстандық мемлекеттілікті сипаттайтын аса маңызды қатынастар мен байланыстарды белгілейді. Осыған байланысты конституциялық құрылысты қорғау Қазақстан Республикасының басты міндеті болып табылады⁴.

¹ Broderick J. Polise in a Time of Change. — NJ., 1973. — P. 62-81.

² Убеждение и принуждение в борьбе с преступностью. — Алма-Ата, 1989. — С. 176.

³ Ким В. А. Годы созидания. Анализ политических и конституционно-правовых взглядов Первого Президента Республики Казахстан. — Алматы, 2001. — С. 203-210.

⁴ Айтхожин К., Сексембаева Е. Конституционные основания ограничения прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан // Фемида. — 2001. — № 3. — С. 10-11.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные направления и стандарты в деятельности органов внутренних дел в области прав человека в Республике Казахстан.

RESUME

In the given article the author investigates basic directions and standards of Organs of Internal Affairs concerning human rights of the Republic of Kazakhstan.

ӨОЖ 343.97

Н. С. Сембиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны

ЕСІРТКІ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫ, СОЛ ТЕКТЕСТЕРДІ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМҒА ТҮСІРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ СУБЪЕКТИВТІ ЖАҒЫ

Аннотация. Мақалада қазіргі заманда есірткі, психотроптық заттардың және сол тектестердің заңсыз айналымын, әлеуметтік құбылыстарды, субъектінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсі, ішкі ниеті мен мақсаты.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, есірткі, себеп, заңсыз айналым.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективті жағы — тұлғаның қоғамдық қауіп төндіретін және оның келешекте әкелетін қоғамдық қауіпті зардабы бар жасалатын қылмысқа психологиялық қатысы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын сипаттайтын нышандарға кінә, қылмыстық құқық бұзушылықтың ниеті және мақсаты жатады. Бұл барлық нышандар қылмыс жасаған тұлғаның ішкі дүниесінің үдерісі туралы елестетуге мүмкіндік береді, оның ойы мен еркінің жасалып отырған қоғамдық қауіпті әрекетімен байланысын көрсетеді. Алайда бұл нышандардың қылмыстық-құқықтық мағынасы әртүрлі.

Мұның барлығы қылмыстық заңнамада көрсетілген заңдылық принципін, әділдікті, адамгершілікті іске асыруға ықпал етеді.

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз дайындау, сақтау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу тек қана бір-ақ ниетпен жасалады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 297-бабының диспозициясында айып түрі тікелей көрсетілмесе де, алайда заңда арнаулы мақсатты өткізудің айыпталатыны туралы айтылған, сондықтан осы қылмысты алдын ала ойластырып жасағаны туралы айтуға негіз бар. Қаралып отырған қылмыстық құқық бұзушылық формалдық құрамға жатады, ол кінәнің ойластырылып істелген түрін болжайды және де ол «Қазақстан Республикасының Есірткі құралдары туралы 1961 жылғы бірыңғай Конвенциясы» ережелерімен расталады: «Екі

жақтың ойынша, осы конвенцияның қаулысын бұзатын әрекеттер, егер ол қасақана жасалса жазаланатын әрекет болып саналады»¹.

«Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» 1988 жылғы 20 желтоқсандағы БҰҰ-ның конвенциясы ережелерінде «Әр жақ өз заңнамаларына сәйкес, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты қасақана жасалған әрекетті қылмыс деп мойындау үшін қажет деп санайтын шараларды қолданады» деп айтылған².

Сараланып отырылған қылмыстың қасақана жасалған түрін қарай отырып, қасақаналықтың жеке және еріктілік мәселесін қарастыру керек. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу, соттық- қылмыстық іс жүргізу практикасы көрсеткендей, істелген әрекеттің нышанынан шығады, өйткені бұл әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі әрбір есі дұрыс жеке тұлғаға айдан анық болып көрінеді. Осы сияқты әрекеттерді жасай отырып, тұлға өз әрекетінің қоғамға қауіп төндіру деңгейін түсіне отырып, соны істеуге барады. Ес пен ойлау ниеттің зияткерлік сәтін құрайды, ал сонымен қатар көңілмен қоса – еріктің.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын саралай отырып, тұлғаның өз әрекетінің нысаны есірткі құралдары мен психотроптық заттар екенін сезінді ме екен, соны анықтау керек. Жоғарыда айтылғандай сараланып отырған қылмыстың затын анықтау — істеген әрекетті дұрыс бағалауға қажетті жағдай. Тұлғаның еркін айналымнан алынып тасталған және заң жүзінде тыйым салынған есірткі заттарымен байланысты екенін білгені, оның әрекетінің қоғамдық қауіпті екені туралы айту негізді болып саналады.

Заттың белгісін ұғынуы, айыпталушының есірткі заттардың және психотроптық заттардың еркін айналымнан алынып тасталғанын және заң жүзінде тыйым салынғанын немесе рұқсат ету жүйесінің қол астына түсуін (қатаң бақылауға алынғанын) және оларды дайындаудың, сақтаудың, қайта өңдеудің, тасымалдаудың, жөнелтудің және т. б. белгіленген тәртібін бұзу халық денсаулығына қатер төндіретінін түсінгенін білдіреді. Тек қана сирек кездесетін, тұлғаның қылмыстық затқа қатысты түсінбеушілігі, мысалы, дәрілік препараттардың есірткі және психотроптық заттарға жататынын білмей сақтау жағдайлары есепке алынбайды.

Қылмыстың заты (есірткі, психотроптық заттар) белгілерін ұғыну арқылы, яғни тұлға есірткі заттарымен байланысты (дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу сияқты) заңсыз әрекеттер жасап отырғанын ұғынады, олар заң бойынша рұқсат етілмеген. Ол есірткілерді медициналық емес жағдайда пайдалану өзінің де, жалпы басқа адамдардың да денсаулығына зиян келтіретінін түсінеді.

Қылмыстық істер материалдары көрсеткендей, кейбір жағдайларда есірткімен ұсталған адамдар, өздерінің оған қатысты екенінен бас тартады, олар өздері білмегендерін немесе есірткімен байланысты екенін тіпті ойламағандарын айтады. Мұндай жағдайда тұлғаның өз әрекетінің шын мәнінде қауіпті екенін ұғынған ұғынбағанын анықтау қажет. Егерде ол шын мәнінде ұғынбаса, онда жауапкершілік жоқ деген сөз. М. Л. Хоменкер «есірткі заттарын сатып алып жатқанын түсінбеген тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды», — деп дұрыс айтқан³.

Көрсетілген қылмыстың субъективтік жағының мазмұнын анықтау үшін (тікелей ниет және мақсат), айыпталушының жасаған қылмысқа психологиялық қатысын, кінә түрін қоса анықтау керек, сонымен қатар оның тұлғасын сипаттайтын мінездемесіне де қарау керек. Тікелей ниетте әрекеттің қоғамдық қауіптілігін ұғыну, қоғамдық қауіптілік зардабын болжаумен ажырамас байланысты болады. Онда есірткілермен заңсыз әрекеттер жасағанда оның зардабын алдын ала болжауды, тұлғаның есірткі заттары мен психотроптық заттарды медициналық емес түрде пайдаланғанда адамдардың денсаулығына әлеуметтік зиян келетін мүмкіндігін немесе сөзсіз зиян келетінін ұғынғаны деп айтуға бола ма? Зардапты алдын ала болжау, ол адам денсаулығына зиян келтіретінін болжау емес, алайда оны мүлдем алып тастауға болмайды, ол ең алдымен заңсыз әрекеттің өзін болжау, өйткені зардаптары қылмыс құрамының аумағынан шығарып тасталынған және ниеттің мазмұнымен қамтылмайды⁴.

Ниеттің зияткерлік сәтін қарағанда, ниеттің қоғамдық қауіпті зардабына қатысты тілек түріндегі ерік бағытын анықтау керек.

Сонымен, тілек халық денсаулығына зиян келтіруде емес, есірткімен заңсыз әрекет жасауда, өйткені тікелей ниеттің мазмұнына қылмыстың нысанды жағын құрайтын, белгілі бір қоғамдық қауіпті әрекеттер жасауға тілек білдіру ғана кіреді.

Әрбір есі дұрыс адам есірткімен істі болғанда, белгілі бір қорытынды нәтижеге жетуді тілейді. Бірақ бұл қылмыста нәтижеге жету, денсаулыққа зиян келтіру емес, ал есірткімен белгілі бір заңсыз әрекеттер жасау, өйткені бұл қылмыс құрамы болу үшін нақты бір зиянды зардап бар ма, әлде ондай зиянды зардап мүлде жоқ па, оның ешқандай маңызы жоқ.

Қаралып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективті жағына (тікелей ниеттің мазмұнына) қандай болмасын зиянды зардапты алдын ала болжау мен тілек кірмейді. Соған байланысты қылмыстық-құқықтық әдебиетте әділ айтылған «формалдық құрамды қылмыс жасалғанда ниеттің мазмұны жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігін ұғынуда және сол әрекетті жасауды тілеуде».

Айыпталушының өз денсаулығына зиян болатынын немесе басқа адамның денсаулығына зиян келетінін тіледі ма, немесе зиянды зардап тию мүмкіндігіне бейтарап қарады ма оның ешқандай маңызы жоқ.

Сот-тергеу практикасында мынандай жағдайлар болған, онда есірткіні инъекция салу арқылы заңсыз өткізген, одан адам есірткіні шамадан тыс мөлшерде салынғаннан қайтыс болады, немесе әртүрлі құрамында есірткі бар суррогаттарды салудан көз жұмады. Бұл жағдайда қылмыс аралас екі түрлі (аралас) кінәмен жасалады. Жалпы, мұндай әрекет қасақана жасалған қылмыс деп саналады (Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 22-б.) Сондықтан, тұлғаның есірткіні өткізу әрекеті тікелей ниетке жатады, ал оның зардабына қатысты кінә түрі тек қана абайсызда болады.

Кінәнің қасақана жасалған түрін қарастыра отырып, мынаған көңіл аудару керек, қылмыстың субъективті жағының белгілеріне ниет пен мақсат жатады. Алайда қарастырылып отырған қылмыста нақты бір ниет қылмыстың субъективті жағының міндетті белгісі бола алмайды, сондықтан әрекетті бағалауға әсер етпейді.

Ниет — адамның алдына мақсат қоюға бағытталған ішкі талабы, ол адамға қоғамдық қауіпті әрекет жасауға батылдық береді және оны осы әрекетті жасағанда басқарады. Ниетсіз ешқандай қасақана жасалған қылмыс болмайды, өйткені себептен ниет пен мақсат туындайды. Себеп әрқашанда ниеттен бұрын тұрады, бір немесе бірнеше себептен ниет туады, орнығады, себеп мақсаттың негізі, сол негізде мақсат туындайды.

Есірткіні өткізудің себебі үлкен пайда табу тілегі болып табылады. Есірткі заттарды өткізусіз жайдан жай бере салу (мысалы, нашақорларға аяушылықпен қарап, олардың абстиненттік синдромынан құтқару үшін) өте сирек кездесетін жағдай болып табылады. Сонымен қатар қаралып отырған қылмысқа итермелеу себебі басқа да болады, ол адамның есірткіге физикалық және психикалық тәуелді болуы және сондықтан оны медициналық емес түрде пайдалану үшін алу жолдарын іздестіруі. Қылмыстың себебін анықтау аралас қылмыстың жігін ажырату мен жаза қолдану үшін ғана емес, сонымен қатар қылмыс жасауға әкелген себебі мен жағдайын зерттеу үшін қажет. Қылмыстың себебінде субъектінің бағыты көрсетілген, ол қылмыскердің мінезін және жасаған қылмыстарын сипаттайды. Қылмысты қасақана жасағаны немесе басқа да опасыз қылықтары сотта сотталушыға нақты жаза қолданғанда есепке алынуы керек. Сот-тергеу практикасы мынаны көрсетеді, қаралып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың себебін шартты түрде екіге бөлуге болады: ұждансыз себеп, мысалы жасаған қылмысты қасақана жасауы және ұждансыз себепке жатпайтын — өмірге риза болмау, абстиненттік синдромды басу үшін, ұмтылу мақсатында немесе массаттану «кайф» күйге түсу үшін пайдалану. Негізінде мұндай қылмыстарды пайда табу үшін есірткіні таратушылар жасаған, ал екінші себеп бойынша жасалған қылмыстарды оларды пайдаланушылар жасаған.

Себептілік үдерісінде саналы қажеттілікті себепке айналдыруда, мақсатты тудыру мен негіздеу туындайды, өйткені есірткіні өткізудің арнаулы мақсаты әрекеттердің әртүрлі нысанын, сипатын мазмұнын, олардың адам денсаулығына зиян келтіретін бағытын көрсетеді.

Мақсат — ол тұлғаның қылмыс жасау барысында қол жеткізуге талпынған заты, яғни мақсат айыпталушының еркін тілеген қорытынды нәтижеге бағыттайды, соған байланысты оның айыбының мазмұны ашылады. Қылмыстың мақсатына жетуі — ол тұлғаның қылмыстық әрекетінің қорытынды нәтижесі.

Осы санат бойынша мұрағаттық қылмыстық істерді зерттеулер мынандай нәтижелер көрсетті, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 297-бабында көрсетілген қылмыс жасаған тұлғалардың 7,4 % өткізу мақсатында әрекет жасаған. Және де олардың көбі пайда табу үшін, яғни есірткілерді сатып содан ақшалай пайда табуды көздеген.

Егер де сараланып отырған қылмыстық-құқықтық ережелердің диспозициясында себебі көрсетілмесе, онда заң шығарушы тікелей, есірткі заттарды және психотроптық заттарды заңсыз дайындау, алу, тасымалдау немесе сақтау өткізу мақсатында жасалғанын көрсетіп отыр, сондықтан өткізу мақсаты қаралып отырған қылмыстың субъективті жағының міндетті белгісі болып табылатынын және жасалған қылмысты белгілеуге әсер ететінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 297-бабында қарастырылған, өткізу мақсатында жасалған қылмыс, жеке басына пайдалану үшін жасалған қылмысқа қарағанда, қоғамға да, мемлекетке де қауіпті және де халық денсаулығына зиян келтіруге үлкен қауіп төндіреді. Сот-тергеу практикасы көрсеткендей құқық қорғау орындарының «торына» негізінде көбінесе ұсақ есірткі сатушылар түседі.

Сот-тергеу практикасында қаралып отырған қылмыстарды белгілеу барысында, көп көлемді есірткілер табылып, тәркіленгенде, қателер жіберіледі.

Кейбір авторлардың айтуынша, өткізу мақсатын тұлғадан көп мөлшерде есірткі табылуымен шектемеу керек. Алайда, есірткілерді аса көп мөлшерде дайындағанда және сақтағанда, оларды өткізу қаупі көбірек болады.

Есірткілерді өте ірі мөлшерде заңсыз алғаны және сақтағаны өткізу мақсатының жалғыз дәлелі бола алмайды. Бұған байланысты, ауқымды мағына болып, ол адам есірткіні пайдалану ма (қандай жиілікте), нашақор ма, оның өмір сүруі заңды табыстарына сәйкес келе ме, басқа адамдармен шарт жасасты ма және т. б.

1998 жылғы 14 мамырдағы № 3 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы мынаны түсіндіреді, аталған заттарды кінәлінің арнайы рұқсатсыз иелігінен (өзінен, жасырын жерден, үй-жайдан, көлік құралынан, басқада орындардан) тауып алумен байланысты кез-келген қасақана әрекет заңсыз сақтау болып табылады. Өткізу мақсатында заңсыз сақтау пиғылымен жасалғандығы жөнінде мәселені шешу үшін, бұл заттар анық өткізуге дайындалғандығын дәлелдейтін айғақтар жинағын арқау ету керек (мысалы, жоғарыда көрсетілген заттар көп мөлшерде табылса, оларды өзі ғана қолданатынын жоққа шығаратын жағдайда, бөлшектеу, оларды дайындайтын және бөлуге арналған құралдар мен жабдықтардың болуы, кінәлінің өзі есірткіні қолданбайтын фактісі т. с. с.)⁵.

Бүгінгі күні есірткіні өткізу есірткінің заңсыз айналымында үстемдік орын алады деп айтуға барлық негіз бар. Өткізілген зерттеулер нәтижесі бойынша 70-80 % жағдайда есірткіні пайдаланушылар тұрақты өткізушілер қызметіне жүгінеді.

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу мақсатынан шекаралау қажеттігіне қатысты әрекет дұрыс шешілген мәселе, және де ол Заңда осы әрекеттердің бәріне қолданылуы керек.

¹ Сборник действующих договоров, соглашений и конвенций, заключенных СССР с иностранными государствами. Вып. XXXIII. — М., 1970. — С. 105-136; Аналогичное положение содержит международная Конвенция ООН от 20 декабря 1988г. «О борьбе против незаконного оборота наркотических средств и психотропных веществ». См.: Документы Комиссии ООН по наркотическим средствам от 20 декабря 1988года. — Вена, 1988. — С. 5.

² Законодательство зарубежных стран. Обзорная информация. — М., 1989. № 1. — С. 3-4.

- ³ Хоменкер М. Л. Борьба с преступлениями, связанными с наркотическими веществами. — Ташкент, 1976. — С. 12-13.
- ⁴ Феткулов Г. Х. Проблемы уголовно-правовой борьбы с незаконным оборотом наркотиков: Учеб. пос. — Астана, 2003. — С. 192.
- ⁵ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Есірткі, психотроптық және улы заттардың заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» 1998 жылғы 14 мамыр № 3 нормативтік қаулысы.

РЕЗЮМЕ

В статье дается криминологическая оценка причин наркотизации населения, личности участника незаконного оборота наркотиков и наркотической ситуации в стране, рассматриваются формы вины, мотив и цель данного уголовного правонарушения.

RESUME

Based on the analysis of legal literature, the author identified the reasons and conditions that contribute to the commission of crimes related to illicit trafficking in narcotic drugs or psychotropic substances.

УДК 341

Сидорова Н. В., доцент кафедры государственно-правовых дисциплин Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, кандидат юридических наук, доцент, полковник полиции

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В БОРЬБЕ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ И НАЦИОНАЛЬНО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТЫ

Аннотация. В статье посредством анализа нововведений уголовно-процессуального и уголовно-правового характера в свете принятия и вступления в силу новых кодексов Республики Казахстан рассматриваются правовые основы сотрудничества в сфере уголовного судопроизводства. Основной акцент сделан на общих аспектах сотрудничества в области оказания правовой помощи, без детализации частных аспектов правовой помощи.

Ключевые слова: правовая помощь по уголовным делам, международное сотрудничество, международный договор, уголовное судопроизводство, национальное (внутригосударственное) право, конвенция, уголовно-процессуальный кодекс, уголовный кодекс, взаимность, конфиденциальность.

Правовую основу международного сотрудничества государств в сфере уголовного судопроизводства составляют нормы взаимодействующих, но самостоятельных правовых систем международного права и внутригосударственного (национального) законодательства. Одним из приоритетных направлений международного сотрудничества государств в борьбе с преступностью является оказание правовой помощи по уголовным делам. На универсальном уровне вопросы оказания правовой помощи регулируются отдельными международными соглашениями, направленными на борьбу с определенными видами преступлений¹. Универсальных соглашений, которые бы касались общих вопросов правовой помощи по уголовным делам, сравнительно немного. Среди них можно выделить следующие: Типовой договор о взаимной помощи в области уголовного правосудия 1990 г., Типовой договор о выдаче 1990 г., Типовое соглашение о передаче уголовного судопроизводства 1990 г.

Между странами СНГ сложилось новое по содержанию международное право. Длительный период сотрудничество в сфере уголовного судопроизводства основывалось на Минской конвенции о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам и других двусторонних договорах 1993 г. В результате практического взаимодействия правоохранительных органов по оказанию правовой помощи стали проявляться недостатки Минской конвенции, зачастую выражающиеся в различных нарушениях как норм международного, так и норм внутригосударственного права. Это обусловило необходимость

совершенствования и унификации правовых основ международного сотрудничества в сфере уголовного судопроизводства. В Кишиневе 7 октября 2002 г. заключена Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам, ратифицированная Республикой Казахстан в 2004 г.² Сегодня участниками Кишиневской конвенции являются Казахстан, Кыргызстан, Азербайджан, Армения, Беларусь и Таджикистан.

Несмотря на то, что Казахстан — участник Кишиневской конвенции с 2004 г., уголовно-процессуальное законодательство Республики Казахстан длительное время не соответствовало нормам конвенции. Принятие 4 июля 2014 г. нового Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан расширило национально-правовые основы международного сотрудничества в сфере уголовного судопроизводства, которые не только приведены в соответствие с Кишиневской конвенцией, но и вводят в правовое пространство Казахстана отдельные новеллы.

Одной из таких новелл является закрепление в УПК Республики Казахстан принципа «взаимности» (ст. 558). Его сущность заключается в том, что при отсутствии международного договора Республики Казахстан правовая или иная помощь может быть оказана на основании запроса иностранного государства или запрошена центральным органом Республики Казахстан на принципе взаимности. Согласно принципу «взаимности» Центральный орган Республики Казахстан, направляя иностранному государству такой запрос, в письменном виде гарантирует запрашиваемой стороне рассмотреть в будущем ее запрос об оказании такого же вида правовой помощи. При этом исключительным условием рассмотрения такого запроса является наличие письменной гарантии. Реализация принципа «взаимности» в рассматриваемой ситуации осуществляется дипломатическим путем.

По международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, государства обязуются оказывать друг другу правовую помощь по уголовным делам. В большинстве случаев вопрос о правовой помощи возникает тогда, когда в рамках расследуемого уголовного дела появляется необходимость проведения процессуальных действий на территории иностранного государства. В соответствии с международными договорами в правовой помощи может быть отказано по следующим основаниям: удовлетворение просьбы нанесет ущерб суверенитету и национальной безопасности государства; удовлетворение просьбы противоречит законодательству запрашиваемой стороны.

Важным критерием правовой помощи по уголовным делам является соответствие уголовного законодательства сторон. В УК Республики Казахстан от 3 июля 2014 г. этот принцип проявляется в действии уголовного закона в отношении лиц, совершивших преступление за пределами Республики Казахстан. В части 1 ст. 8 УК РК говорится, что граждане Республики Казахстан, совершившие уголовное правонарушение за пределами Республики Казахстан, подлежат уголовной ответственности, если совершенное ими деяние признано уголовно наказуемым в государстве, на территории которого оно было совершено, и если эти лица не были осуждены в другом государстве. При осуждении указанных лиц наказание не может превышать верхнего предела санкции, предусмотренной законом того государства, на территории которого было совершено уголовное правонарушение. На тех же основаниях несут ответственность иностранцы и лица без гражданства, находящиеся на территории Республики Казахстан, в случаях, когда они не могут быть выданы иностранному государству для привлечения к уголовной ответственности или отбывания наказания в соответствии с международным договором Республики Казахстан.

Соответствие уголовного законодательства сторон имеет определяющее значение и в решении вопроса об экстрадиции преступников, в осуществлении уголовного преследования невыданных лиц.

Новый УПК Республики Казахстан содержит другие основания отказа в правовой помощи в случае отсутствия международного договора Республики Казахстан. В частности, ст. 569 УПК РК к числу таких оснований относит: а) исполнение запроса (поручения, ходатайства) будет противоречить законодательству Республики Казахстан или может нанести вред суверенитету, безопасности, общественному порядку или иным интересам Республики Казахстан;

б) запрашивающая сторона не обеспечивает взаимность в этой сфере; в) запрос (поручение, ходатайство) касается деяния, которое не является уголовным правонарушением в Республике Казахстан; г) есть достаточные основания считать, что запрос (поручение, ходатайство) направлен в целях преследования, осуждения или наказания лица по мотивам его происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам.

Еще одной новеллой УПК РК 2014 г. является закрепление принципа «конфиденциальности», в соответствии с которым по просьбе запрашивающей стороны Центральный орган Республики Казахстан или орган, уполномоченный на осуществление сношений, имеет право принять дополнительные меры для обеспечения конфиденциальности факта получения запроса (поручения, ходатайства) об оказании правовой помощи, его содержания и сведений, полученных в результате его исполнения. При необходимости согласовываются условия и сроки хранения конфиденциальных сведений, полученных в результате исполнения запроса (поручения, ходатайства), могут устанавливаться ограничения относительно использования таких материалов.

Если в результате исполнения в Республике Казахстан запроса (поручения, ходатайства) о правовой помощи получены сведения, которые содержат государственные секреты, они могут быть переданы запрашивающей стороне при условии, что не нанесут вред интересам Республики Казахстан или иного государства, которое предоставило их Республике Казахстан, лишь при наличии договора о взаимной защите секретной информации и в соответствии с предусмотренными им требованиями и правилами.

УПК РК 2014 г. в отличие от утратившего силу кодекса предусматривает участие в уголовном судопроизводстве представителя компетентного органа иностранного государства. Для этого должно быть предоставлено разрешение на присутствие в соответствии с требованиями уголовно-процессуального законодательства, с ограничением самостоятельного производства на территории Республики Казахстан каких-либо процессуальных действий, с безусловным соблюдением законодательства Республики Казахстан (ст. 572). Названные лица имеют право присутствовать при проведении процессуальных действий, подавать заявления и вносить замечания о порядке их проведения, подлежащие занесению в протокол процессуального действия, с разрешения следователя, органа дознания, прокурора или суда задавать вопросы, а также делать записи, в том числе с применением научно-технических средств.

Впервые в УПК РК 2014 г. закреплены правовые основы проведения процессуальных действий по запросу компетентного органа иностранного государства с помощью видеозаписи. К основаниям их проведения относятся: невозможность прибытия вызываемых лиц в компетентный орган иностранного государства; обеспечение безопасности лиц; иные основания, предусмотренные международным договором Республики Казахстан. Процессуальные действия путем видеосвязи выполняются в порядке, предусмотренном процессуальным законом запрашивающей стороны в той мере, в которой такой порядок не противоречит принципам уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан.

Нововведения по вопросам сотрудничества в сфере уголовного судопроизводства содержат и нормы УК Республики Казахстан от 3 июля 2014 г. В числе таковых следует выделить ст. 1 УК РК в ч. 3 которой говорится, что международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, имеют приоритет перед Кодексом и применяются непосредственно, кроме случаев, когда из международного договора следует, что для его применения требуется издание закона.

Кроме того, в УК РК имплементирована международно-правовая норма, запрещающая выдачу иностранному государству любого лица (независимо от гражданства), если существуют серьезные основания полагать, что ему в этом государстве может угрожать применение пыток, насилие, другое жестокое или унижающее человеческое достоинство обращение или наказание, а также в случае угрозы применения смертной казни, если иное не предусмотрено международными договорами Республики Казахстан (ст. 9).

Мы рассмотрели лишь отдельные нововведения, предусмотренные принятыми в 2014 г. Уголовно-процессуальным и Уголовным кодексами. При этом можно констатировать, что они в большей степени введены в правовое пространство Казахстана в связи с имплементацией международно-правовых норм, участником которых является Республика Казахстан.

¹ Например, Конвенция ООН против транснациональной организованной преступности 2000 г., Европейская конвенция о борьбе с терроризмом 1977 г., Международная конвенция о борьбе с захватом заложников 1979 г. и др. // www.un.org.ru

² Закон Республики Казахстан «О ратификации Конвенции о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам» от 10 марта 2004 г. № 531 // online.zakon.kz

ТҮЙІН

Мақалада Қазақстан Республикасының жаңа кодексінің қабылдануы және күшіне енуіне байланысты қылмыстық-процессуалдық және қылмыстық-құқықтық сипаттағы жаңалық енгізу талдауы арқылы қылмыстық сот ісін жүргізу аясындағы ынтымақтастықтың құқықтық негізі қарастырылады. Құқықтық көмектің жеке аспектілері нақтыланбай, ондағы құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастықтың тек жеке негізгі аспектілеріне назар аударылған.

RESUME

In the article are considered the legal bases for cooperation in the field of criminal justice, through the analysis of the innovations of the criminal procedure and criminal law in the light of the adoption and entry into force of the new codes of the Republic of Kazakhstan. The focus of the article is made only on the general aspects of cooperation in the field of legal assistance, without going into detail particular aspects of legal help.

УДК 342.924

Тасбергенова А. Т., магистрант Казахского гуманитарно-юридического университета (г. Астана)

АДМИНИСТРАТИВНАЯ ЮСТИЦИЯ

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты проблем административной юстиции в РК, предложены основные принципы модели организации административной юстиции для Республики Казахстан.

Ключевые слова: административная юстиция, классические модели организации административной юстиции, административные споры, административные суды.

Основная задача административной юстиции — охрана прав и свобод граждан от незаконных действий государственной администрации. Все остальные задачи (контроль за деятельностью государственной администрации, обеспечение законности в государственном управлении) должны быть подчинены этой основной задаче.

В соответствии с п. 1 ст. 1 Конституции Республики Казахстан высшими ценностями казахстанского государства являются человек, его жизнь, права и свободы. Именно поэтому развитый институт административной юстиции является своего рода индикатором зрелости правовой системы, ее готовности в реальности защищать права, свободы человека. Напомним, что необходимость защиты граждан от возрастающего могущества государственной администрации в свое время послужила одной из главных причин создания и развития административной юстиции. Важность такой защиты очень востребована в современном казахстанском обществе. До сих пор права и свободы граждан, их законные интересы второстепенны по сравнению с интересами государства. И сегодня живы стереотипы полицейского мышления и деятельности в регламентации различных сторон жизнедеятельности, а административные инструменты с их акцентами на императивность, принуждение, кажутся чуть ли не единственными способами решения многих социальных проблем.

- полиция актілерінің заңсыз әрекетіне шағымданудың, өзгертудің немесе тоқтатудың мерзімі мен тәртібін анықтайтын;
- қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік және жауаптылықтың басқа да түрлерін бекітетін нормалар.

Бұлайша бөлудің теориялық және практикалық маңызы бар. Теориялық тұрғыда заңдарды қамтамасыз етудің және жүзеге асырудың механизмін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Ал практикада бұл бөлу заңның нақты әрекетін қамтамасыз ету тиімділігін арттыру жолдарын қамтамасыз етумен пайдалы. Бірақ заңдылық кепілдіктерінің жалпы тізімі әлі де даулы мәселе.

Заңдылық кепілдіктерді нақты ерекшеленудің және анықтаудың қиындығы ғылыми әдебиеттерде заңдылық кепілдіктер түсінігі және олардың құрамы туралы мәселелердің түпкілікті шешілмеуінде болып отыр. Бүгінге дейін ғалымдар арасында заңдылықтың құқықтық кепілдік мәнін түсінудегі көзқарастарда бірізділік жоқ.

Соның ішінде, сол жылдан бастап және бүгінгі күнге дейін кепілдік мәселесін А. А. Сәбитова, Н. И. Раздымалина, М. Т. Кәкімжанов, А. И. Павловский, Б. Н. Бутулин және басқа да әкімшілік құқық саласындағы ғалымдар қарастырды. Дегенмен осы уақытқа дейін Қазақстан полициясы органдарындағы әкімшілік құқықтық қатынастардағы кепілдік заңдылығы проблемасы бойынша монографиялық ғылыми зерттеулер болған жоқ.

Қолда бар жұмыстар не жекелеген сипатта (құқық қорғау органдарының белгілі қызметінде қолданылатын), не болмаса азаматтардың әкімшілік құқық кепілдігінің басқа аспектілеріне арналған. Сондай-ақ заңдылық әдебиеттерде «құқықтық кепілдік» түсінігінің өзіне әзірге біркелкі ұстаным қалыптаспауда. Н. Г. Салищева өзінің «Қоғамдық тәртіпті сақтау аппараттарының және бөлімшелерінің қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету» монографиялық еңбегінде: «заңдылық кепілдіктері ретінде мемлекетпен және қоғаммен арнайы жасалған жолдар арқылы барлық құқық субъектілерінің нақты заңдарды орындауының дамуын, құқықтардың дұрыс қолданылуын және заңдылық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін объективті және субъективті шарттар түсініледі» деп жазады.

Н. Г. Салищева заңдылық кепілдікті «заңдылық принциптерін берік ететін, заңдардың нақты және мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ететін, мемлекеттің және азаматтардың мүдделерін қорғайтын, ал ол мүдделер бұзылған жағдайда бұзылған құқықтарды және мүдделерді қалпына келтіру және кінәлілерді жазалауды қамтамасыз ететін объективті және субъективті шарттар».

«Заңдылық кепілдігі ретінде, — дейді Н. Г. Салищева, — заңдарды және басқа да құқықтық актілерді... олардың жария етілген нақты мақсаттарына сәйкес өмірге енуін қамтамасыз етуде көмектесетін шарттар мен жолдар қызмет етеді» дейді¹⁰. Заңдылық кепілдіктерді ол «құқық нормаларының жалпыға бірдей және мүлтіксіз орындалуын жалпы шарттар және арнаулы мемлекеттік-құқықтық жолдардың ықпалымен және көмегімен қамтамасыз ететін, яғни жүзеге асырылатын, қорғалатын, ал олар бұзылған жағдайда заңдылық режимі қайта қалпына келтірілетін жалпыәлеуметтік шарттар және арнаулы мемлекеттік-құқықтық жолдар» деп түсінеді¹¹.

Айтылған тұжырымдарды сараптай келе, оларды біріктіретін ортақтықты атап көрсетуге болады: заңдылық кепілдігі ретінде барлық аталған авторлар заңдылықты қамтамасыз етуде көмектесетін шарттар мен жолдарды түсінеді. Бұдан қоғамдағы заңдылық, сондай-ақ — әкімшілік құқықтық қатынастардағы, кепілдіктің қандай да бір түрімен ғана емес, соған сәйкес жүйені бейнелейтін олардың көлемді жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

¹ Назарбаев Н. Ә. Тәртіп пен жауапкершілік қатаң талап етілетін болды // Заң. 2002. 3 сәуір.

- ² Тугел А. Не каждый разберется в процессуальных лабиринтах // Заңгер. — 2005. — № 3. — 95-б.
- ³ Ибрагимов Х. Ю. Теоретические аспекты административного процесса // Экономика и право Казахстана. — 2010. — № 7. — 120-б.
- ⁴ Жетписбаев Б. Административная ответственность. — Алматы, 2000. — 284-б.
- ⁵ Таранов А. А. Меры административного пресечения: Дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1992. — С. 155.
- ⁶ Круглов В. А. Административно-деликтное право и административно-деликтное процессуальное право как самостоятельные отрасли права // Организация и перспективы деятельности служб административной полиции в борьбе с правонарушениями. — Караганда, 2006; Головкин В. В. Развитие административного процесса: проблемы и перспективы // Организация и перспективы деятельности служб административной полиции в борьбе с правонарушениями. — Караганда, 2006. — С. 85-92; Дубина А. В. Проблемы кодификации административно-процедурных отношений в процессе административной реформы в Украине // Организация и перспективы деятельности служб административной полиции в борьбе с правонарушениями. — Караганда, 2006. — С. 103-107.
- ⁷ Раимбеков Е. Понятие правовых отношений, их виды. // Фемида. — 2001. — № 10. — 137-б.
- ⁸ Алексеев С. С. Административные правоотношения. — М., 1976. — 244-б.
- ⁹ Абулгазин С. Б. Административно-правовые отношения в деятельности милиции по охране общественного порядка: Лекция. — Караганда, 1984. — 40-б.
- ¹⁰ Салищева Н. Г. Административный процесс в СССР. — М., 1964. — 137-б.
- ¹¹ Там же.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается понятийный аппарат административных правоотношений в деятельности ОВД РК, а также отдельные проблемы в условиях их реализации, механизма обеспечения юридических гарантий.

RESUME

In the given article is investigated the notion apparatus of administrative relations in the activity of OIA of the RK and some problems in the condition of its realization, mechanism of judicial guarantees.

ӨОЖ (075.8)

М. Е. Уалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КУРСАНТТАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Аталған мақалада Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіндегі жоғары оқу орындарында білім алушыларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: тұлға, әлеумет, патриотизм, борыш, ар-намыс, сүйіспеншілік

Белгілі ғалым, ұлттық педагогиканы мұрат тұтқан Ш.Әленұлы «Педагогика кітабында»: «Патриоттық тәрбиені сабақ процесінде де, сабақтан тыс тәрбие саласында да үзбей беру керек. Ұлттық мектептің алға қойған ең негізгі мақсаты, маңызды міндеті де осы болмақ» деген еді.

Қазақстан Республикасының үздік білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасында басым бағыттардың бірі болып патриоттық тәрбиенің бекітілуі де бекер емес. Шынында да, ұлтқа деген сүйіспеншілігі жоқ адамнан адамгершілікті де, сұлулықты да, мәдениетті күтуге болмайды. Ендеше, патриоттық тәрбие – тәрбиенің басты бағыттарының бастауы десек, қателеспейміз.

Соңғы жылдары өскелең ұрпақ тәрбиесімен байланысты болған жаңа проблемалар тәрбиенің мәні, оның қоғамдық өмірдегі орны мен рөлі қайта ойластырумен келісілген. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі – білім алушыларды тәрбиелеуде, оның ішінде курсанттарды азаматтық, патриотизм, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, рухани-адамгершілік құндылықтар, салауатты өмір салтын қалыптастыруда білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты – патриоттық сезімі бар және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуын қамтамасыз етуде өз рөлін түсінетін әлеуметтік жауапты тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Қазақстандық патриотизмді, елдің мемлекеттік рәміздеріне құрмет, азаматтылық, толеранттылық, рухани адамгершілікті, дене тұрғысынан жетілген, әлеуметтік белсенді тұлға қалыптастыру мәселелерінің басым сипаттарын анықтай отыра, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі дайындаған «Қазақстан республикасының білім беру жүйесінде тәрбие берудің 2013-2015 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы» әзірленген болатын. Осы бағдарламада құқықтық тәрбие тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, мінез-құлқын қалыптастыруға, заңға мойынұсынатын, заңды білетін ғана емес, сонымен қатар оларды саналы түрде орындайтын азамат тәрбиелеуге, ішкі еркіндігі мен өзіндік қасиетін тәрбиелеуге бағытталады, бұлардың барлығы заманауи құқықтық даярлықты, заңдарды, өз құқықтары мен міндеттерін білуді, мемлекеттік құқықтық жүйесінің мүмкіндіктерін қолдана білуін талап ететіндігі жөнінде айтылады.

Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарында алғаш ұстаздың жолын бастаған жас оқытушының тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қиындықтарға жолығатыны жасырын емес. Өзіне тапсырылған оқу тобының тәрбие жұмысының жоспарын жасап қойғанмен, әр кураторлық сағатын өткізгенде «қалай қызықты жүргізіп, түрлендіруіме болады?» деген заңды сұрақ туады. Әрине, бұл кезде біз аға буын тәлімгер оқытушылардың кеңесіне, баспасөз материалдарына жүгінеміз.

Отансүйгіштік сезімі туа біте пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет — осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды «Отаным» деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс.

Отанымыздың аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымшылдықпен күрес, мемлекеттерге қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастардың отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді.

Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты курсанттарға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту Академия қабырғасында білім беріп жүрген оқытушылардың міндеті болып табылады. Курсанттар Академия қабырғасында жүріп-ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс.

Курсанттарға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Сондықтан пәнге курсанттардың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Бұл білім алушылардың сабақтан жалықпауын, жөнсіз әрекетке бармауын, әр іске назар аударып жауапкершілікпен қарауды, ой елегінен өткізіп ойлануды қалыптастырады, бағдарламалық материалдарды жеңіл, тез меңгеруге септігін тигізеді.

«Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.»

Ал жастардың патриотизмі – тіпті қасиетті ұғым болып табылады. Жастардың отаншылдық идеясы өмірге ұзақ тарихи-әлеуметтік дамудың нәтижесінде келген. Адам қауымдасып өмір сүргеннен бастап, өз қоғамын, өлкесін, табиғатын сүйген. Соларға деген ерекше сезім, ұнатымы қалыптасқан. Қоғам дамуының кезеңдері мен түрі әлеуметтік арнасы отаншылдық сезімді саяси мазмұнға айналдырған.

Патриотизм – тәрбиенің жемісі. Ол тарихи ұлттық дәстүрлермен тығыз байланысты. Өзіміз білім беріп жүрген курсанттарға ұлттық сезімде патриотизм арнасына, ортақ Отанға оған сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау керек.

ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың бойында азаматтық-патриоттық тәрбие үнемі жүргізіліп отыратын үздіксіз процесс. Біздің елімізде жастарды азаматтық, патриоттық тәрбиелеу қазіргі уақытта жастар саясаты бағдарламасы шеңберінде жүргізіледі. Патриоттық рухта тәрбиелеу – курсанттарды ерлікке, Отан сүйгіштікке, ар-намысты қорғауға, адамгершілікке уағыздайды. Осындай халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс-әрекетке баулиды. Білім алушылардың тәрбиесі ең алдымен бала-бақшаларда, мектептерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарын саяси және рухани жағынан пайымдаудан басталады. Бұл жастарды азаматтық өзіндік сана-сезімге, ұлттық нышандарды ар-намысын, борыш – парызым деп құрметтеуге үйретеді. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтарда еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім табандылықпен тәрбиелене түседі.

Қазақстан мемлекетінің тарихында болып жатқан түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар қоғамдық сана мен қоғамның рухани өміріне үлкен өзгерістер алып келді. Патриотизм өз-өзінен қалыптаспайды, ол оқу-тәрбие үрдісінде мемлекеттік саясат негізінде жүргізілу керектіген бүгінгі заманның өзі талап етіп отыр. Қазақстандық патриотизм әр азамат өзін осы елдің төл басы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде ғана қалыптасады. Патриотизм ұғымының мәніне үңілсек, патриотизм әлеуметтік – саяси феномен ретінде адамзат өркениеттің барлық кезінде пайда болып отырған. Тарихты парақтасақ, қазақ патриотизмі ерте кезден бастап қалыптасты.

Білім алушылардың бойында азаматтық-патриоттық сана-сезім, іс-әрекет адам бойына өздігінен қалыптасатын қасиет емес екендігін, оның өзі білім мен тәрбие барысында Отанды ұлағаттау, халықтың төлтума мәдени-рухани әлеміне терең бойлау арқылы қалыптасатынын теория мен тәжірибе дәлелдеп келеді.

Патриоттық тәрбие берудегі жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде жоғары оқу орындары оқытушыларының жұмысына үлкен талап қойылады, сонымен қатар жан-жақты білімді болуы шарт.

Ендеше ІІО-дағы біздің мақсатымыз — қызметкерлерге олардың кәсіби қалыптасуына көмектесу, қамқорлыққа алынған жас маманның атқаратын лауазымы бойынша белсенді, еңбек сүйгіш, шығармашылыққа бейім, білікті маман ретінде қалыптасу процесін жетілдіру, сол жас маманды Қазақстан Республикасына жан-тәнімен берілу рухында, патриотизмге, интернационализме, тәртіптілікке, жауапкершілікке, бастамашылдыққа және жоғары адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу, Ішкі істер органдарында және Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында кәсіби кадрлық өзегін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да оқытушылардың ролі еліміздің бейбітшілігін сақтап және азаматтар тыныштығын қорғау жолында мемлекетіміздің лайықты азаматтарын тәрбелеуде өте жоғары болып тұрады.

Биыл Тәуелсіздігімізге – 25 жыл. 25 жылдағы жетістікті қиын жолмен өткен Қазақстанның тарихын, саясатын, экономикасын білу – әр ұрпақтың міндеті. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, білім алушылардың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда жоғары оқу орындары ұстаздарының алатын орны ерекше.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются проблемы воспитания казахстанского патриотизма у обучающихся в высших учебных заведениях МВД Республики Казахстан.

RESUME

In the given article the author discusses the problems of education of the Kazakhstan patriotism of students in higher educational institutions of the MIA of the Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 340 (075.8)

М. Е. Уалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры;

Ө. А. Тұрғанов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢЫ БОЙЫНША КҮШ ҚОЛДАНЫП ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында кейбір күш қолданып жасалатын кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың құқықтық мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: күш қолдану, психикалық жарақат, жәбірленуші, құқық бұзушылық.

Күш қолданудың ұғымы туралы мәселені шешу әлеуметтік және құқықтық мағынада да түпкілікті мәнге ие. Қазақстан Республикасы қылмыстық сот өндірісінде «күш қолдану» ұғымының анықтамасы жоқтығына және теорияда да, құқық қолданушылық тәжірибеде де оның анықтамасына және оны түсінуге қатысты бірыңғай көзқарас қалыптаспағанына байланысты одан да үлкен мәнге және өзектілікке ие болады.

Ғалым-заңгерлердің ішінде де күш қолдануды анықтауда түрлі көз қарастар байқалуда.

«Күш қолдану» дефинициясын құқықтық санат ретінде қарастырғанда, адамзаттық қызметтің көп жағдайда қоғамдық қауіпті бола тұра түрлі мінез-құлықтық актілерін сипаттайтындығын атап өткен жөн. Алайда тек қана кейбіреулері (олардың ішінде Ф. Ницше, Ю. М. Антонян, И. В. Бойко және басқалар) күш қолданудың қоғамға пайдалы да болуы мүмкін екендігі туралы айтады.

Мысалы, Ф. Ницше адамзаттық қоғамдағы күш қолданудың халықаралық ауқымда да (соғыстар нысанында), сондай-ақ тұлғааралық қатынастарда да, және тіпті әр адамның өзіне деген күш қолданудың пайдалылығын, еріну, мойынсыну және басқа да психологиялық кемістіктерді жою арқылы негіздеп берген. Өмірдің өзі Ф. Ницшенің пікірінше негізінен «өзінің негізгі көріністерінде күш қолдану жолымен әрекет етеді және бұл сипаттан тыс мүлдем ойға қонарлықтай болуы мүмкін емес».

Өзіне қарсы күш қолдануды аутоагрессия ретінде қарастыратын Ю. М. Антонян, И. В. Бойко және В. А. Верещагин – адамның өзіне-өзі жеке ұғыну арқылы күш қолдануы. Күш қолдануды құқыққа сай екендігін А. В. Наумов та қолдайды, ол «... күш қолдану (оның қажетті қорғаныс кезіндегі шекті көріністерін қосқанда) құқыққа сай болып табылады. Соңғы ұғым күш қолдануды тек қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы көріністермен ұштастыруға мүмкіндік береді» деп жазған.

Бұл адамзаттық қоғамдағы құбылыс ретіндегі күш қолданудың күрделілігі мен көп қырлылығын куәландырады. Оның нысандарының, тәсілдерінің және мақсаттарының көптүрлілігі ұғымды түбегейлі анық қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Күш қолданудың жалпы бағалаушылық белгілері, біздің пікірмізше, адамдық өзара қатынастардың басқа да ұқсас нысандары мен тәсілдерінен шектеу мақсатында анықтауға болады және қажетті.

Осылайша, күш қолдануды құқықтық санат ретінде ұғынудың және оған қылмыстық-құқықтық ғылымда анықтама берудің алғашқы әрекеттері физикалық күш қолдануды, оның нәтижесінде жәбірленушінің еркі толық сал болып қалған, бұл тілеп отырған әрекеттердің мәжбүрлеп отырғанның ешқандай қатысуынсыз және «мәжбүрленушінің еркіне тікелей қар-

сы бағытталып, оның анық әрекетті өзі сезіну арқылы орындауға мәжбүрлейтін» оның өз еркін және шартты күш қолдануды мәжбүрлі түрде қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігі шартсыз деп бөлетін Н. С. Таганцевпен жасалған. Ол күш қолдануға тек денеге қолсұғылмаушылыққа жасалған «жәбірленушінің ағзасында ешқандай тұрақты түр өзгерістер қалдырмай, өткінші ауру немесе тіпті қарапайым физикалық сезінуді келтіретін» қол сұғушылықтарды ғана жатқызған.

Күш қолдануды әлеуметтік-құқықтық санат ретінде Л. В. Сердюкте қарастырған. Күш қолдануды анықтау барысында оның әлеуметтік-құқықтық белгілеріне нұсқамаудың мүмкін еместігін айта кеткен. Бұл белгілер адамға немесе топқа күш қолданушылық әсер әрдайым заңға қайшы, жәбірленушінің еркіне қарсы немесе одан тыс, кінәнің қасақана нысанымен жасалады және тұлғаның денсаулығына немесе қоғамдық мүдделерге зиян келтіреді немесе келтіруге қабілетті.

Тұлғаға немесе қоғамға кінәсіз немесе абайсыз зиян келтіру, біздің пікірімізше, қоғамдық пайдалы мақсаттардағы осындай ықпал сияқты, күш қолданудың сипатын тіпті оның барлық басқа белгілері болғанның өзінде жоғалтады. Күш қолданудың осы және басқа да белгілеріне, біз ең алдымен, адамға физикалық немесе психикалық жарақаттар не болмаса оның бостандығы мен өз еркін немесе әрекеттерін өз қалауы бойынша білдіруден шектеумен көрінетін салдарын жатқызамыз.

Абайсыз қылмыстық құқық бұзушылықтар күш қолданушылық сипатқа ие деген пікірді ұстанатын авторлармен тек күшті абайсыз қылмыстық құқық бұзушылықтардың элементі ретінде қолданылу (мысалы, күш қолданушының өзі үшін күтпеген жерден жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян немесе қаза келтіруге әкеп соғатын тентектік, бұзақылық әрекеттер) сөз болып отырған бөлігінде ғана келісуге болады. Дегенмен бұл қылмыстық әрекеттердегі ниетінің шегінен шығатын және құқықтық жақтан абайсыздықпен келтірілген сияқты бағаланатын қылмыстық нәтиже, күш қолданудың шегінен тыс орын алады.

Бұл ретте Н. В. Иванцова күш қолдануды екі мағынада қарастыруға болады деген шешімге келген: кең және тар мағынада. Күш қолдану кең мағына шеңберінде үш түрі ажыратылады.

Біріншісі өзіне, адамға немесе адамдар тобына қарсы бағытталған қоғамдық қауіпті күш қолдану.

Күш қолданушылық әсердің екінші түрі жануарларға, адамдардың мәйіттеріне және материалдық әлемнің (мысалы, заттарға) басқа объектілеріне қарсы бағытталған.

Үшіншісі өзіне әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын (қажетті қорғаныс, аса қажеттілік, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстау, физикалық немесе психикалық мәжбүрлеу барысында) жағдайларда жасалатын қоғамдық пайдалы әрекеттерді; қылмыстық жазаны қолдануға байланысты әрекеттерді (өлім жазасы, бас бостандығынан айыру) қосады.

Күш қолдану тар мағынада (нақты қоғамға қауіпті күш қолдану) өзімен адамға (адамдарға) қасақана, қылмыстық заңнаманың нормаларымен тыйым салынған әсерін білдіреді.

Күш қолданудың тар мағынасының негізін қалаушылары болып өз кезеңдерінде А. А. Пионтковский мен М. Д. Шаргородскийлар табылған.

Мысалы, А. А. Пионтковский заңнамалық «күш қолдану» терминіне түсінік бере отырып, оның «өз қалауына қарама-қайшы келетін әрекеттерге кез келген мәжбүрлеуден тұратындығын» атап өткен. Күш қолданудың мәжбүрлеу сияқты осындай қызметіне нұсқай отырып, ол күш қолданудың басқа қызметін — басуды (жоюды) қалдырып кеткен.

М. Д. Шаргородский оны денсаулықтың зақымдалуына әкеп соқпаған, бірақ физикалық ауру әкелген адамның денелік қол сұғылмаушылығына қасақана әсер ретінде анықтай отырып, физикалық ауру болмайтын кез келген әрекеттермен психикалық жәбір шегулердің әр алуан түрлерін келтірудің, тұлғаның үстінен күш қолдану болып табылмайтындығына нұсқаған.

С. В. Познышев күш қолданудың тар мағынасын физикалық ауру келтіретін соққыны, соққыға жығуды немесе басқа да күш қолдану деп түсінген. С. В. Познышевқа қарағанда

көптеген заңгерлер «күш қолдану» заңнамалық термині тек физикалық қана емес, сонымен қатар психикалық та күш қолдануды ұйғарады, ал физикалық күш қолдану кең түсіндіруді қажет етеді деп түсіндірген. Осыған байланысты кейіннен қылмыстық құқық бұл терминнің өзіне жеке тұлғаның өміріне, денсаулығы мен бостандығына қарсы күш қолданушылық қол сұғушылықтардың барлық тобын қосатын кең түсінігіне көшкен.

П. И. Люблинский өз кезеңінің өзіне де былай деп жазған: «Физикалық күш қолдану жалпы басқа тұлғаның оның айқын немесе жасырын келісімінен тыс денесіне қол сұғылмаушылығын бұзатын әрекеттерінен көрінеді».

Күш қолдану барынша егжей-тегжейлі Р. Д. Сабиrowпен ұсынылған, ол мұны «басқа тұлғаға адамдардың немесе жануарлардың физикалық күшін, сондай-ақ техникалық құралдарды, материалдық әлемнің жойқын факторлары мен қасиеттерін не болмаса табиғаттың түрлі құбылыстарын әсер етіліп жатқан тұлғаның еркіне қарсы немесе одан тыс, оның денелік қол сұғылмастығын, анатомиялық тұтастығын, не болмаса қандай да бір органының қалыпты қызмет етуін бұзу немесе осындай әрекеттер жасаймын деп қорқыту арқылы пайдалану жолымен қасақана әсер ету».

Біздің ойымызша орын алған жағдайдан шығу барлық көрсетілген ұғымдарды жалпы «күш қолдану» ұғымымен алмастырудан тұрады, бұл жерде күш қолдану деп басқа адамға оның еркіне қарсы немесе тыс қасақана құқыққа қарсы физикалық және психикалық күш қолдану деп түсінген жөн.

Осыған байланысты, күш қолдануды физикалық, психикалыққа бөлген жөн. Сол себепті, қолданыстағы заңнаманы бірыңғай пайдалану мақсатында біз ұсынған анықтаманы Жалпы бөлімде ҚР ҚК дербес 10-1 б. ретінде бекіткен жөн: «10-1 бап. Күш қолдану.

1. ҚР ҚК Ерекше бөлігін нормаларындағы күш қолдану деп басқа адамның еркіне қарсы немесе қасақана құқыққа қайшы физикалық және психикалық күш қолдануды түсінген жөн.

2. Күш қолдануды физикалық және психикалыққа бөлген жөн».

Бұл, өз кезегінде тек тәжірибе ғана, алайда осы тәжірибе ғалымдардың аяқталмас дауларын тоқтатады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрена характеристика правонарушений, совершающихся с применением насилия, по уголовному законодательству Республики Казахстан.

RESUME

This article considers the problem of application of violence measures against offense in the criminal law.

УДК 378.02

Уразбаев Х. К., начальник кафедры общеобразовательных дисциплин Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, кандидат исторических наук, полковник полиции

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ И ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ВЕДОМСТВЕННЫХ ВУЗАХ МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы совершенствования идеологической и воспитательной работы курсантов как одного из приоритетных направлений по формированию и становлению личности будущего высококвалифицированного специалиста с активной жизненной позицией, гражданской смелостью, трудовой активностью, интеллигентностью и культурой.

Ключевые слова: воспитание, факт, совет, курсант, патриот, поколение.

Воспитание — это целенаправленная подготовка молодого поколения к жизни в данном и будущем обществе, осуществляемая через специально создаваемые государственные и общественные структуры. Как известно, за последние 20 лет старая система воспитания была фак-

тически уничтожена, а в системе высшего образования утерян даже термин «воспитательная работа»¹. Поэтому воспитание молодежи в последние годы существенно усложнилось. Сложнее стала молодежь, усложнилась формирующая ее социальная и культурная среда, возросли требования к личности. В условиях рыночной конкуренции воспитательная работа рассматривается как одно из приоритетных направлений деятельности вуза по формированию и становлению личности будущего высококвалифицированного специалиста с активной жизненной позицией, гражданской смелостью, трудовой активностью, интеллигентностью и культурой.

Основные направления комплексной программы воспитательной работы предусматривают²:

- постоянное повышение квалификации профессорско-преподавательского состава в сфере воспитательной работы;

- создание системы информационного обеспечения;

- патриотическое воспитание курсантов;

- развитие научно-профессиональных способностей курсантов;

- духовно-нравственное и эстетическое воспитание курсантов;

- формирование здорового образа жизни.

В качестве приоритетных ученые называют следующие задачи воспитания:

- а) развитие творческих качеств личности, способной к самообразованию;

- б) формирование уверенности в себе и своих возможностях;

- в) формирование личности, стремящейся решать жизненные проблемы разумно, осознанно, способной критически мыслить;

- г) формирование самосознания, самоутверждения;

- д) формирование личности, нацеленной на достижение поставленных целей.

Важнейшим компонентом этой системы является нравственное воспитание в процессе изучения общеобразовательных дисциплин.

Основной сферой подготовки практико-ориентированного выпускника является образовательная среда. Цель образования состоит не только в обучении, но и в воспитании. Образовательно-воспитательный процесс должен раскрывать целостность, системность и многообразие мира, активизировать процесс социальной ориентации студенческой молодежи, осуществлять функцию социально-культурной интеграции и преемственности, создавать основу для углубления и расширения образованности и воспитанности личности. Нравственный облик курсантов, их мировоззрение формируются всем ходом учебного процесса и всеми, кто к этому процессу причастен.

Действенность и результативность воспитания сегодня во многом зависят от степени гуманизации образовательно-воспитательного процесса в вузе, основными направлениями которого являются:

- активное и всестороннее использование индивидуальных методов и личностно-ориентированных технологий в учебном и воспитательном процессе, позволяющих в максимальной степени учитывать способности, склонности и интересы каждого курсанта, а им, в свою очередь, оценить и усвоить как профессиональные, так и личностные нравственные качества педагога и ученого;

- развитие демократических методов общения с курсантами, утверждение социально-ориентированной системы сотрудничества, развитие активности курсантов в учебной, воспитательной и научно-исследовательской деятельности, использование практического наследия выдающихся ученых и педагогов академии;

- расширение самоуправленческих начал в деятельности вузовских структур, преодоление отчужденности курсантов от участия в формировании учебной и воспитательной политики в вузе;

- использование воспитательного потенциала учебных дисциплин.

Для решения задач воспитания в процессе обучения необходимо:

- 1) стимулировать активность курсанта, сочетая уважение к личности с требовательностью к ней;
- 2) открывать перспективу роста курсанта, опираясь на положительные качества его личности;

3) учитывать индивидуальные и возрастные особенности курсанта.

Духовно-нравственное становление личности курсанта в едином педагогическом процессе вуза МВД РК рассматривается как самостоятельное направление, имеющее свои закономерности. Его основными педагогическими принципами в воспитании курсантов являются:

а) содержательные: принципы гуманизма в духовном становлении, научности; профессионализма, единства учебной и служебной деятельности, связи духовно-нравственного становления с жизнью, преемственности в духовном становлении личности курсанта;

б) организационно-методические: принципы демократизации и гласности; комплексности; единства духовно-нравственного становления и самовоспитания, личностно-ориентированного подхода, опоры на коллектив и общественные организации, единства и согласованности, сознательности, ответственности и социальной активности, сочетания высокой требовательности к курсантам с уважением достоинства их личности; перспективности духовно-нравственного становления личности курсантов, а также ориентации на ценностные отношения, согласования социальных норм и индивидуальности курсанта³.

Таким образом, несмотря на то, что сегодня дать исчерпывающей полноты модель социальной зрелости личности проблематично, можно предположить, что развитие ее протекает в деятельности, вместе с обеспечением автономности и свободы принятия решений, в процессе воспитания, образования, самовоспитания.

¹ Еропкин М. И. Избранные научные труды. — М., 2010.

² Сергеев С. Н. Направления воспитательной работы с курсантами ведомственного вуза. — М., 2009.

³ Храброва Е. В. Значение традиций в воспитании курсантов ведомственных вузов. — М., 2012.

ТҮЙІН

Мақалада Қазақстан Республикасы ІІМ ведомствалық жоғарғы оқу орындарындағы білім беру процесінде идеологиялық және тәрбие жұмыстарын жетілдіруді қарастырады.

RESUME

Improvement of ideological and educational work in the study of process in Law institutions of MIA of the RK.

УДК 32.019.5

Шайкенова Д. Т., старший научный сотрудник центра по проблемам исследования и мониторинга законодательства, регламентирующего деятельность органов внутренних дел, НИИ Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, доктор Phd, майор полиции

ФОРМИРОВАНИЕ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АППАРАТА И МЕРЫ ПО РЕАЛИЗАЦИИ Единого Плана Нации — 100 шагов

Аннотация: В статье рассматриваются меры, принятые по реализации одной из пяти институциональных реформ, определенных Единым Планом Нации, в частности, по формированию современного государственного аппарата.

Ключевые слова: государство, государственный служащий, коррупция, кадровая политика, законность, образование, эффективность, государственная политика, этика государственного служащего, конкурентоспособное государство.

На пути поступательного развития Казахстана и движения к новой мечте разработан Единый План Нации – 100 шагов¹, которым определены пять институциональных реформ и 100

конкретных шагов для их реализации. Этот План прокладывает путь к решению комплекса исторических задач, которые изменяет Казахстан, его экономику, государство и общество в целом. План Нации сформирует новые достойные условия для развития страны, экономического роста и улучшения жизни всех казахстанцев, соответствующие стандартам Организации экономического сотрудничества и развития, объединяющей самые развитые государства планеты.

Пять основополагающих институциональных реформ — это:

- формирование современного государственного аппарата;
- обеспечение верховенства закона;
- индустриализация и экономический рост;
- нация единого будущего;
- транспарентное подотчетное государство.

Остановимся на рассмотрении первой институциональной реформы. Эта реформа направлена на повышение эффективности государственного аппарата на основе нового Закона «О государственной службе» от 23 ноября 2015 г., во исполнение которого стартовал новый этап развития казахстанской государственной службы. Указом Президента РК были созданы Министерство по делам государственной службы, а в его структуре — Национальное бюро по противодействию коррупции. Тем самым модернизирована система не только государственной службы, но и противодействия коррупции, которая будет максимально ориентирована на предупреждение коррупционных проявлений. При этом сама борьба с коррупцией будет приобретать все более последовательный и системный характер. Новый Закон о противодействии коррупции основан на международных стандартах и вступил в силу с 2016 г.

Новый Закон о государственной службе, принятый одновременно с новым антикоррупционным законодательством, определяет основные рамки обновленной модели государственной службы и алгоритмы дальнейших действий по усилению эффективности всей системы управления государством. Так, карьера государственного служащего будет строиться с учетом его компетенций и накопленного опыта. На каждой ступени карьерной лестницы он должен подтверждать свою профессиональную пригодность. Поступление на госслужбу будет возможным только по результатам комплексного отбора и только с низовых должностей. Опыт работы станет главным условием карьерного продвижения госслужащих. Законом предусмотрена возможность ротации отдельных госслужащих «по горизонтали» и «по вертикали», нововведением является предоставление им служебного жилья.

Следующая новелла — возможность привлечения на госслужбу через открытый конкурс и по решению Национальной комиссии по кадровой политике на контрактной основе граждан из числа управленцев негосударственного сектора и зарубежных менеджеров. С 2017 г. вводится новая система оплаты и система бонусов для госслужащего по его компетенции и результатам деятельности в зависимости от характера, объема и результатов выполняемой им работы, а за наиболее результативную деятельность — выплата бонусов. Это позволит использовать труд государственных служащих рационально и эффективно, исключить из государственного аппарата бездельников.

Законодательно закреплён принцип автономности и стабильности госаппарата при смене политических госслужащих, определены и детально разграничены полномочия министров и ответственных секретарей центральных исполнительных органов.

В целях предупреждения условий, ведущих к нарушению этических норм и порождающих коррупционные проявления среди госслужащих, разработан Новый Этический кодекс госслужбы, в котором регламентированы стандарты поведения госслужащих как на работе, так и в быту. Кроме того, будет создан новый институт — уполномоченных по этике. Они будут консультировать граждан и госслужащих, обеспечивать защиту их прав.

Один из важных аспектов нового Закона о государственной службе — распространение его базовых норм на правоохранительные органы, специфика деятельности работников которых учтена в действующем Законе «О правоохранительной службе».

Во исполнение Плана Нации, в целях формирования современного государственного аппарата после внедрения новой системы оплаты труда планируется провести комплексную аттестацию административных госслужащих корпуса «Б» на предмет их соответствия новым квалификационным требованиям, во время проведения которой будет объявлен мораторий на проведение конкурсов на поступление на государственную службу.

В целях формирования современного государственного служащего на основе передового опыта зарубежных стран законодательно закрепляется обязательное повышение квалификации служащих не реже одного раза в 3 года.

Все вышеперечисленные нововведения, направленные на модернизацию государственной службы, на наш взгляд, будут способствовать построению конкурентноспособного государственного аппарата, где права граждан и государственных служащих будут защищаться равномерно, а также интеграционному развитию и вхождению государства в ТОП-100 лучших стран мира.

¹ <http://www.inform.kz/rus/article/2777943>

ТҮЙІН

Мақалада автор Ұлттың бірыңғай жоспарында белгіленген бес институционалдық реформалардың бірін жүзеге асыру бойынша қабылданған шараларды ашуға назар аударады. Соның ішінде, қазіргі мемлекеттік аппараттың қалыптасуы бойынша шаралардың мәнін ашады.

RESUME

The author draws attention to the disclosure of measures taken for the implementation of one of the five institutional reforms identified a single plan of the Nation. In particular, it reveals the measures taken for the formation of the modern state apparatus.

ӘОЖ 343.985.7.

А. Т. Шакжанов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі

СОТҚА ДЕЙІНГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРГЕП - ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА ТЕРГЕУШІНІҢ АНЫҚТАУ ОРГАНДАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Аннотация. Мақалада сотқа дейінгі қылмыстық тергеп-тексеру барысында тергеушінің анықтау органдарымен өзара әрекеттесуі туралы сұрақтар қарастырылған.

Түйін сөздер: сот жүйесі, құқықтық тәртіп, тергеуші, тергеу, жедел-іздегірі.

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы Жол — Болашаққа бастар жол» атты Жолдауында «Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Аса маңызды міндет — сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Қылмыспен күресуде және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету — әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады», деп атап кеткен¹.

Осыған орай қазіргі уақытта қабылданған Қылмыстық процестік кодексіне сәйкес ұйымдасқан қылмыспен күрес барысында құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыруға септігін тигізуі қажет. Өкінішке орай, әзірше ІІМ және басқа да күш құрылымдары жүйесінің «тиімділігі» қылмыстарды ашудың көрсеткіштеріне тәуелді, ал бұл барлық шынайылықты айқындай бермейді. Осылармен қатар, қазіргі уақытта теория мен тәжірибеге ғылыми талдау жасауды ескере отырып, тергеу органдарының процессуалдық

куатын үйлестіру мен келістіру және жедел-ізвестіру аппараттарының мүмкіндігін жақсарту маңызды болып табылады.

Жалпы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында өзара әрекеттестік барысында тергеу және жедел-ізвестіру органдарының араларындағы қызметтік байланыс жүйесі едәуір күрделене түсті, әсіресе ауыр немесе аса ауыр, соның ішінде ұйымдасқан топпен жасалған қылмыстар бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру шараларының көлемдері ұлғайды. Осыған орай қылмыстық процесстік заңының нормаларына талдау жасай отырып, олардың біршама ережелері талқылауларды тудырса, келесілері әрі қарай зерттеп, қылмысты тергеу барысында оның қалай қолданылуын қарастыруды талап етеді. Сондықтан алдын ала тергеп-тексеру барысында тергеуші мен анықтау органы арасында өзара әрекеттестік жөніндегі мәселелерді де жан-жақты талқылау туындап отыр.

Осы мәселеге байланысты көптеген ғалымдар мен тәжірибелік қызметкерлер мерзімдік және ғылыми әдебиеттерде «өзара әрекеттесу» терминінің өзін қарастырумен қатар, осындай әрекеттердің принциптерін, кезеңдерін, нысандары мен түрлерін де қарастырады. Бұл кезде өзара әрекеттесу мәселелері бойынша жарияланған жұмыстарды мұқият зерделеу ғылымда қазіргі уақытқа дейін осы әрекетті бірыңғай түсінудің жоқ екендігін растап отыр. Көп жағдайда қылмыстарды ашу және тергеу жүргізу барысында жедел қызметкер мен тергеушінің өзара әрекеттесу қажеттілігі кездеседі. Осындай өзара әрекеттесудің түсінігі заңнамада бекітілмесе де, аталған субъектілердің бірлескен келісілген әрекеттері ведомстволық нұсқаулықтармен бекітіледі. Тергеуші мен жедел қызметкердің өзара әрекеттесуі олардың өз құзіреттері шеңберінде әр тараптың өздеріне тиесілі құралдар мен әдістерді қолдану арқылы қылмыстарды ашу және тергеуді қамтамасыз ету бойынша келісілген әрекеттерімен айқындалады. Тергеушінің жедел қызметкермен жақсы жөнге салынған және ұтымды өзара әрекеттесуі қылмыстарды тиімді ашу және тергеуді қамтамасыз ететін маңызды жағдайлардың бірі болып табылады. Тергеу және жедел-ізвестіру бөліністерінің қылмыстарды ашу бойынша спецификалық, тек өздеріне ғана тән құралдар мен әдістері болатыны әйгілі, сондықтан да осындай мүмкіндіктердің жеке-бөлек емес, керісінше кешенді түрде қолданылуы өте маңызды болып табылады.

«Өзара әрекеттесу» түсінігінің ғылыми криминалистикалық анықтамасына айтылған көзқарастар да әртүрлі. Мәселен, өзара әрекеттесуді кең мағынада ішкі істер органдарының әртүрлі бөліністерінің қылмыспен күресудегі іскерлік қатынасы және келісілген жұмыстары ретінде қарастырады. Тар мағынада — бұл қылмыстық-процессуалдық заңнамаға немесе ведомстволық актілермен реттелетін белгілі бір қылмыстық істі немесе жасалған қылмыс бойынша материалды қарау процесінде пайда болатын тергеуші мен анықтау органының қарым-қатынасын айтады².

Өзара әрекеттесу мәселесін жан-жақты зерттей келіп Р. С. Белкинның пікірімен де елісуге болады, яғни ол өзара әрекеттесуді заңнамалық актілерге негізделген тергеушінің ішкі істер органдарының жедел, сараптама-криминалистикалық қызметтерімен өзіне тиесілі бір бірінің қасиеттері мен білімдерімен тірек етілетін және қылмыстарды тиімді ашу, тергеу және жолын кесу мақсатында бірлескен, келісілген, жоспарланған әрекеті деп түсінеді³.

Демек, осы айтылғандарды қорытындылай отырып, құқық қорғау органдарындағы тергеуші мен жедел қызметкердің арасындағы өзара әрекеттесу ереже бойынша қылмыстық іс қозғалғанға дейін ертерек, тексеру мақсатында ЖІШ өткізу барысында пайда болады және қоғамды тарту, сондай-ақ тергеуші мен анықтау органдары қызметкерлерінің атқаратын әрекеттерінің сапасы мен көлемі бойынша өзара жауапкершіліктері жағдайы арқылы жүзеге асырылуы қажет деп санаймыз.

Тергеу жүргізудің бастапқы кезеңінде тергеуші мен жедел қызметкердің өзара әрекеттесуінің өзгешелігі бірқатар ерекше жағдайлармен негізделеді және бірегей және қайталанбас ЖІШ мен тергеу әрекеттерін жүргізумен негізделеді. Осы кезеңде жедел қызметкер жіберген қателіктер, ереже бойынша, келесі тергеу жүргізу барысында жойыла алмайды. Бұл кеңінен тараған қателіктердің бірі ретінде түсінікті, атап айтқанда: ЖІШ өткізу барысында жоғалған есірткі зат, яғни жедел қызметкердің қолында есірткі заттың

болғандығын растай алатын қызметтік құжаттарды ғана дәлелдеу барысында қолданудың мүмкін болмайтындығы түсінікті. Мұндай материалдар қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде қолданыла алмайды. Осындай қателіктерге ұшырамау тек тергеуші мен жедел қызметкердің арасында ықпалды және тиімді өзара әрекеттесудің болуы жағдайында ғана мүмкін болады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеуші мен анықтау органының қылмыстық процестегі ынтымақтастығы тек бір жақты сипатта ғана емес, істің ауырлығы мен маңыздылығына байланысты жан-жақты сипатта қарастырылады. Кейбір жағдайларда алдын ала тергеудің материалдары тергеушінің өндірісіндегі іс бойынша жүргізілуі қажет іздестіру шараларын жүзеге асыру үшін бастапқы болып табылады. Оқиға болған жерді тергеулік қараудың мәліметтері анықтау органы қызметкерлерінің қылмыскерді іздестіруі үшін т.б. маңызды болуы мүмкін. Өзара әрекеттесу тиімді болу үшін тергеуші алдын ала тергеу жүргізу кезінде анықтау органдарынан көмек алуға ғана емес, сонымен қатар, анықтау органдарына іздестіру шараларын жүргізу кезінде ықпалдасуға тиіс. Атап айтқанда, жедел-іздестіру қызметі үшін маңызы бар фактілер мен мән-жайлар туралы анықтау органдары қызметтеріне ақпарат беру, бұл органдардың қызметкерлеріне қылмыстық істің материалдарымен танысу мүмкіндігін беру.

Өзара әрекеттесудің принциптік жағдайларына көбінесе «өзара әрекеттесу субъектілерінің құзырларын айыру» немесе «өзара әрекеттесуді субъектілердің өз құзырлары шегінде жүзеге асыруы» жатқызылады. Осы ережені сақтаудың маңызы зор. Бұл номиналдық психологиялық климатты, күштер мен құралдарды тиімді қолдануды қамтамасыз етеді. Өзара әрекеттесудің нысандарын анықтау органдарының криминалдық полициямен өзара әрекеттесуі мысалында қарастырып көрейік:

Тәжірибе анықтаушылар мен жедел қызметкерлердің өзара әрекеттесуінің келесідей нысандарын өңдеп шығарды:

1. Іс бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерін, іздестіру және жедел-іздестіру шараларын бірлесіп жоспарлау.

2. Іс бойынша тергеу жүргізуді жоспарлау барысында анықтаушылар мен жедел қызметкерлердің жұмыстарын келісу.

3. Анықтаушыларды қылмыстық іс қозғалғанға дейін жедел материалдармен таныстыру.

4. Тергеу жүргізу және жедел-іздестіру шараларын өткізу нәтижелері туралы өзара ақпарат алмасу.

